Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№3 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ АНЫҚТАМАСЫ

«26 » ақпан 2022 жыл

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабы, 4-1 бөліміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 № 366 бұйрығы өзгерісімен),Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №20-01.12. 17-1204-6/53 хаты, Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі 7.02.2022. №76 хаты негізінде 2022 жылғы 07 ақпанда өткізілген мектептің кезектен тыс педагогикалық кеңесінің (№4 хаттамасы) шешімі негізінде 2022 жылдың 7-26 ақпан аралығында (07.02.2022ж №7/1 бұйрығы) Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№3 Хромтау орта мектебі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып, өткізілді.
Өзін-өзі бағалауды 07.02.2022ж №7/1 бұйрығымен бекітілген төмендегі құрамдағы комиссия мүшелері жүргізді:

1.Отаров Шерхан Табиғатұлы- мектеп директоры м.а, комиссия төрағасы;
2.Казиева Нуржауган Султангалиевна-директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Дуйсембаева Нуржамал Утегеновна -директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Ермаханова Мадина Ертлеуовна - - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5. Кулумгарина Рахия Жарасхановна-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
6. Нурмагамбетова Айкенже Скаковна – психолог,комиссия мүшесі
7. Мусина Гулжанат Абсадыковна - мұғалім, қоғамдастық жетекшісі,комиссия мүшесі
8.Кеукенова Нурзинаш Ергеновна- мұғалім, әдістемелік бірлестік жетекшісі , комиссия мүшесі
9. Жумабаев Совет Муханбетказиевич- кәсіподақ ұйымы төрағасы,комиссия мүшесі

Комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын тексеріп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МЖМБС) сәйкестігін бағалап, талдады.

1.Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1)Білім беру ұйымының толық атауы: Актөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің«№3 Хромтау орта мектебі»Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2)білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): 031100, Қазақстан Республикасы,Актөбе облысы, Хромтау қаласы, Абай даңғылы 7үй

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері(телефон, электронды пошта, web-сайт)
E-mail: hssh3@mail.ru.Байланыс телефоны 8(71336)21681

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрытың көшірмесі) Отаров Шерхан Табиғатұлы, Актөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің лауазымға тағайындау туралы 27 .08.2021 жылғы №103 бұйрығы

5)Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: Актөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің«№3 Хромтау орта мектебі»Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы,Актөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсанда №490 қаулысымен бекітілген. ҚР Әділет Министрлігімен мемлекеттік кайта тіркеу жүргізілді. 17.01.2021ж. Тіркеу №133-1904-16 ММ ,БСН 081240017404.

6)Рұқсат беру құжаттары : білім беру кызметіне лицензия
№ KZ13LLA00024799 24.02.2021 ж

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
1-параграфы

1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып *мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына* қойылатын талаптар.

1.1. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқутудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі

Талдау нәтижесі: 1) Құжаттарды тексеру барысында мектепалды сыныптарының ***2017-2018,2018-2019 оқу жылдарында*** ұйымдастырылған оқу қызметтері кестесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22маусымдағы №391 бұйрығының1-қосымшасына) сәйкес құрылған, мектеп басшысымен бекітілген. Бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 20 сағатты және вариативтік компонент 4 сағаттан құраған.

«Денсаулық» білім беру саласы – 3сағ;
«Коммуникация» білім беру саласы – 6,5 сағ;
«Таным» білім беру саласы – 3,5 сағ;
«Шығармашылық» білім беру саласы – 5 сағ;
«Әлеуметтік» білім беру саласы – 2 сағ.
Вариативтік компонент Қызықты грамматика -2 сағ; Логика – 2 сағ.

2019-2020 оқу жылындағы ұйымдастырылған оқу қызметтері кестесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалып, мектеп басшысымен бекітілгені анықталды. Бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 20 сағатты және вариативтік компонент 4 сағаттан құраған.

«Денсаулық» білім беру саласы – 3сағ;
«Коммуникация» білім беру саласы – 6,5 сағ;
«Таным» білім беру саласы – 3,5 сағ;
«Шығармашылық» білім беру саласы – 5 сағ;
«Әлеуметтік» білім беру саласы – 2 сағ.
Вариативтік компонент Қызықты грамматика -2 сағ; Логика – 2 сағ.

2020-2021 оқу жылындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20625 болып тіркелді) сәйкес құрылған. Бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 17 сағатты және вариативтік компонент 3 сағаттан құраған.

«Денсаулық» білім беру саласы – 3сағ;
«Коммуникация» білім беру саласы – 5 сағ;
«Таным» білім беру саласы – 2,5 сағ;
«Шығармашылық» білім беру саласы – 5 сағ;
«Әлеуметтік» білім беру саласы – 1,5 сағ.

Вариативтік компонент – 3сағат
Логика – 1 сағ.
Бояулар құпиясы – 1 сағ;
«Мектепалды даярлық тобы балаларын оқытуда ертегі терапиясын қолдану» - 1 сағ.

Қортынды: 2017- 2018, 2018 – 2019, 2019-2020,2020-2021 оқу жылдарында ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі Мемлекеттік стандартың 4 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес құрылған.

1.2."Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҮОБ) сәйкес жүзеге асыруы.

Талдау нәтижесі: Мектепалды сыныптарында 2017-2018, 2018-2019 оқу жылдарында жасалған перспективалық жоспар ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жоспарланған, мектеп басшысымен бекітілген.

2019-2020 жылы жасалған перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріліп, оқу қызметіне дайындау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары айқындалып "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жасалып, мектеп басшысымен бекітілген.

2020-2021 оқу жылына жасалған перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріліп,оқу қызметіне дайындау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары айқындалып Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы сәйкес жасалған, бекітілген. Перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаттары мен міндеттері "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша ашып жазылған.

"Әлеумет" білім беру саласының мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы денешынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

дене сапаларын қалыптастыру; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру; қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың аладын-алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу; ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.

«Қатынас» білім беру саласының мақсаты: ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, орыс тілін білу, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгеруге дайындау, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу; балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту.

Міндеттері: коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға дайындау;
қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құметтеуге тәрбиелеу; әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту; ойынды, биді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту;тшығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

«Таным» білім беру саласының мақсаты коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері: таным процестерін: зейінді, есті, қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін, қиялды дамыту; ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру (талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау,топтастыру, құрастыру, модельдеу,себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру; табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, тірі табиғат нысандарына жанашырлық сезімді, коршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің кейбір қарапайым нәтижесін көре білуге жаттықтыру, сыни ойлау дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту; коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту: командада жұмыс істей білу дағдылары, өздерінің пікірлерін айту, басқа адамдардың пікірлеріне құрмет білдіру; экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.

Шығармашылық білім беру саласы мақсаты шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және коршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын қалыптастыру; бірлесіп жұмыс жасау, жұмысты ұжыммен орындау дағдыларын қалыптастыру; өз жұмысының нәтижесін бағалауға үйрету; балалардың түсінігіне жақын 2-3 қазақ халқының өнер түрлерімен таныстыру; безендірудің мәнерлі құралдарымен, балалар кітаптарындағы иллюстрациялармен, олардың авторларымен таныстыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін, коршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру; халық ойыншықтары туралы түсініктерін кеңейту; балаларды бейнелеу өнерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру (живопись, графика, скульптура, сәндік-қолданбалы өнер); живопись және скульпторлық мүсіндердің туындыларымен таныстыру

«Әлеумет» білім беру саласы Мақсаты ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда, коршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:
жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту: ынтымақтастық, коршаған ортаға қамқорлық көрсету, бастамашылдық, дербестік, тәуелсіздік, ашықтық, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылық; құрдастары мен ересектердің арасындағы қарым-қатынастың жалпы қабылданған қарапайым нормалары мен ережелерін үйрету; өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің қарапайым қабілеттерін тәрбиелеу.

Перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылған. Барлық 2017-2021 жылдардағы перспективалық жоспарларда түсінік хаттар толық жазылған. Жоспарланған өтпелі тақырыптар олардың бірізділігі мен саны Педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604

бұйрығына сәйкес оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруға; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында жоспарланған өтпелі тақырыптар олардың бірізділігі мен саны Педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген. Перспективалық жоспарда көрсетілген тақырыптарға, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесіне сәйкес әр апта циклограммасы жазылған. Циклограммада бес сала бойынша ұйымдастырылған апталық оқу қызметерінің тақырыптары перспективалық жоспарға сай жасалған. Циклограмма жалпы сандартта берілген үлгіге сай. Барлық жоспарға түсінік хаттар жазылған.

Білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз ету, педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарына сәйкес төмендегідей вариативті компонент енгізілген

«Бояулар құпиясы» *Мақсаты:* Балалардың көркем шығармашылық қабілеттерін, зейіндерін дамыту, ой –өрісін бейнелеу әлеміне бағыттап, қызығушылығын арттыру. Балалардың бейнелеу өнері турала түсініктерін кеңейту,балалардың өнер әлеміне деген қызығушылығын, көркемдік талғамын арттыру,сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс – тәсілдерін үйрету,үстерді дұрыс таңдап, үйлесімдік құра білуге үйрету.

«Логика » *Мақсаты:* Оқушылардың логикалық ойлау танымдық түсініктерін дамыту, математика пәніне қызығушылықтарын ояту.Логикалық жаттығудағы түрлі пішіндерді атау,түстерді ажырата білу арқылы ізденісі нәтежиесінде заттың құрамын анықтауға,цифрлардың орнын алмастыру,теру арқылы жаңа сандар жиынтығын құрастыра білуге үйрету.Логикалық тапсырмалар түрлерін көбейту арқылы математикалық білімдері негізін қалау;

«Мектепалды даярлық тобы балаларын оқытуда ертегі терапиясын қолдану» *Мақсаты:*

Балалардың бойында гуманистік, адамгершілік – эстетикалық , ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу, ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру, көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.

Тексерілген құжаттарда балалардың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру жұмыстары байқалады. Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным»,«Шығармашылық»,«Әлеумет» бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы іске асырылған.

Қорытынды: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының 5 тармақтың 1,2, 3, 4, 5, 6, 7 , 8 тармақшасына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (05.05.2020№182) сәйкес.

1.3МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістік дамытушы ортаны құру.

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойылған. Сыныпта бес сала бойынша бұрыштар ұйымдастырылған. Балалардың алаған білім - білік дағдыларын дамыту мақсатында

Денсаулық саласы бойынша доптар, жаттығулар жасауға арналған таяқшалар, кеглилар, құм салынған қапшықтар, доминолар, шашкалар, асықтар жинақталып қойылған.

Қатынас білім саласы бойынша: сюжетті рольді ойындар, дидактикалық ойындар (картотекасы),үстел үсті ойындар, әріптер, буындар жинағы, демонстрациялық материалдар жинақталған,

Таным саласы бойынша: геомертиялық фигуралар, цифрлар жиынтығы, конструкторлар, пазылдар, тартылатын материалдар жинақталған.

Шығармашылық саласы бойынша: сылдырмақтар, әуенді кітаптар, әуенді ойыншықтар, көрнекілік материалдар жинақталған.

Әлеуметтік білім саласы бойынша: Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында қазақ үй және суретті кітаптар бұрышы ұйымдастырылған. Сынып балалардың жас ерекшеліктеріне сай безендірілген.

Сыныпқа сақтық шаралырын сақтау мақсатында видео камера орнатылған. Тәрбиешілерлерге ұйымдастырылған оқу қызметінде АКТ құралдарын пайдалануға жағдай жасалған.

Қорытынды: Мектепке дейінгі топ тәрбиеленушілерінің өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістік дамытушылық орта талапқа сай құрылған.

1.4. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

2017-2021 оқу жылы аралығында мектепалды даярлық топтарында 3 тәрбиеші білім мен тәрбие беріп келеді. Олар:

1. Тағыбергенова Оразбике, білімі арнаулы орта, санаты бірінші, еңбек өтілі 34,6 ж. Ақтөбе педагогикалық училищесін «Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі» мамандығы бойынша аяқтаған. 2017-2018 оқу жылы«Ұлы жеңіске тарту»мадақтама. .«Өлең сөздің патшасы»-мадақтама. «Пони»Алғысхат.2018-2019 оқу жылы«Пони»Палитра Білген«Танимыз»»бағыты бойынша жүлде. «Пони»Алғысхат.2019-2020 оқу жылы Диплом. «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағы үшін. «Ғажайп қыс» сурет байқауы. «Пони»Алғысхат.2020-2021 оқу жылы 2020 «Ахмет Байтұрсынұлы»«атындағы республикалық педагогикалық шығармашылық олимпиадсы- 3 орын. «Пони»Алғысхат.2020 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша Зейін олимпиадасы»-3 орын2020 «Үздік авторлық бағдарлама-3 орынҚашықтықтан оқытуды

үйренемін-2 орын.2021-2022 оқу жылы «Пони»Алғысхат. «Ертегілер еліне саяхат»-Мадақтама. Күзгі марафон «Үркер «-Бәйтерек»Алғыс хат жетістіктері бар.

2. *Сейтова Бибинур Омирзаковна*-білімі арнаулы орта,__Ақтөбе педагогикалық училищесін «Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі» мамандығы бойынша аяқтаған.Еңбек өтілі

16ж .Біліктілік санаты Педагог – сарапшы (24.12.2021 №648).Жетістіктері 2017-2018 оқу жылы«Ұлы жеңіске тарту»мадақтама.«Өлең сөздің патшасы»-мадақтама «Пони»Алғысхат.2018-2019 оқу жылы «Данышпан» республикалық қашықтық байқауынан. 2. Диплом«Пони»ПалитраБілген«Танимыз»»бағыты бойынша жүлде. «Пони»Алғысхат.«QAZAQ SULDIZI» облыстық сурет байқауы. КИО Облыстық 2орын 2019-2020 оқу жылы «Келешекк-кемел біліммен» тамыз кеңесңнен Алғыс хат . «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындағаны үшін Диплом . Респ «Зейіе» олимпиадасы-3 орын. «Ғажайп қыс» сурет байқауы. «Пони»Алғысхат. 2020-2021 оқу жылы Qaztest. кз олимпиада III дәрежелі диплом . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері арасындағы олимпиада-3 орын. «Баланың тілін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы» Блиц-турнир-1 орын. «Пони»Алғысхат. 2021-2022 оқу жылы «Пони»Алғысхат. Құрмет громотасы-облыстық. Күзгі марафон «Үркер «-Бәйтерек» сайысы бойынша Алғыс хат.

3. Ермеккарина Жумасулу Узакбаевна- білімі арнаулы орта,М.Маметова ат.Қызылорда педагогикалық училищесін «Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі» мамандығы бойынша аяқтаған.Еңбек өтілі 29ж .Біліктілік санаты педагог – модератор (№97.04.12.2020).Жетістіктері:2017-2018оқу жылы.«Ұлы жеңіске тарту»мадақтама.«Өлең сөздің патшасы»-мадақтама «Пони»Алғысхат.2018-2019оқу жылы «Ұлы жеңіске тарту»мадақтама. .«Өлең сөздің патшасы»-мадақтама. «Пони»Алғысхат2019-2020оқу жылы Қазтест Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасы3 орынРеспубликалық «Өрлеу» порталы «Шығармашыл ұстаз» байқауы-1 орын www.edulife.kz Республикалық Қашықтық олимпиадасы-1 орын VPO.KZ сайты олимпиадасы-1 орын«Ұстаз тілегі» РҒӘО «Менің мамандығым тәрбиеші» блиц-турнирі-1 орын www.tio.kz Республикалық Дәстүрлі Интернет Олимпиада сайты-2 орын 2020-2021оқу жылы«Ұстаз тілегі» РҒӘО «Үздік тәрбиеші» олимпиадасы-2 орынVPO.KZ сайты олимпиадасы-3 орынwww.nio.kz Республикалық Ұлттық Интернет Олимпиада сайты-3 орын www.edulife.kz Республикалық Қашықтық олимпиадасы-3 орын www.tio.kz Республикалық Дәстүрлі Интернет Олимпиада сайты-3 орын «URKER MITEC» Республикалық шығармашылық олимпиадасы-3 орын2021-2022оқу жылы «Пед олимпиада-2021»12.10.2021 Диплом 1 орын.28.09.2021 «Үздік тәрбиешіолимпиадасы -2021» Серитфикат диплом, 3орын Блиц турнир 12.10.2021«Бала тілін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы» 1 орын иеленген.

Қорытынды : Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін тәрбиешілердің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар.

1.5. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламасы "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалып, бекітілген.

2017–2018 Елемесова Көркем Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу. Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану. Түзету жұмыстарын жүргізу. Диагноз: Церебральды сал ауруы Спастикалық диплегия. ДЦП. Қорытынды №13137 Облыстық ПМК. Тәрбиешісі: Тағыберенова Оразбике

2018 –2019 Умаров Арман ПМПК қорытындысы №14863 11.12.2017ж (құлақ мүкістігіне байланысты) негізігде жалпы білім беретін мектептің дайындық сыныбында жеке оқу бағдарламасымен оқытылған. Жетекшісі: Жумабаева Динара

2019 – 2020 Марал Дулат Оқыту формасы: Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу. Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану.Мектепте психологиялық және педагогикалық қолдау. Диагноз: ОНР III уровня. Стертая форма дизартрии.

2017- 2021 оқу жылдарында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары бойынша төмендегі жұмыстарды бірлесе атқарылып отырған

Баланың денсаулығын және дене күшін қолдау:

Бала өмірі мен денсаулығын сақтау жағдайы мен жолдарын ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын коррекциялық сабақтарға қатыстыруды ұйымдастыру ; (оқу-ісі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі)

Балалардың зерде дамуын қолдау:

Әрбір баланың танымдық ерекшелігіне сәйкес оқыту әдістерін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін оған жағдай тудыру(педагог-психологтар, пән мұғалімдері)

Баланы қарым-қатынас саласында қолдау:

Балаларды мектепішілік және мектептен тыс шараларға қатыстыру арқылы ортаға тартып,гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезінде спорттық шаралар мен шығармашылық үйірмелерге қатыстыру арқылы олардың жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;(әлеуметтік педагог, педагог ұйымдастырушы, тәлімгер)

Баланың жанұясын қолдау:

Әрбір баланың жанұясымен ынтымақтастық жағдай орнату арқылы оның жанұялық жағдайын зерделеп білу, ата-аналарына арнайы құқықтық сауаттылығына педагогикалық-психологиялық көмек ұйымдастыру, бала мен арақатынасының үйлесімді болуына көмек көрсетілген.

Қортынды: Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру бойынша «Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік,орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік ұсыным талаптары орындалған.

1.6. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

Талдау нәтижесі: Берілген құжаттарды тексеру барысында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылытын оқыту нәтижелері Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша бастапқы

(қыркүйек), аралық (қаңтар), қортынды (мамыр) мониторинг жүргізілген. Мониторинг балалардың жас ерекшелігіне сай жүргізілген. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау мониторинг және білім салалары бойынша түзету шараларын жүргізу мақсатында бастапқы, аралық, қортынды мониторинг жүгізілгеннен кейін қортындысы шығарылып, әр балаға жеке даму картасы (100%) толтырылған.
Түзету іс – шаралары бес сала бойынша жүргізілген.
Денсаулық саласы бойынша қарапайым дене жаттығуларын алмастырып, негізгі қимыл түрлерін орындауға, ойын-эстафеталар, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы қимыл белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін арттыру.
Коммуникация саласы бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, мазмұнды сурет, мазмұнды суреттер топтамалары, сызба карталар бойынша әңгіме құрастыруға дағдыландыру.
Таным саласы бойынша 1-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері санауды, 1-20 дейінгі сандар тізбегінде қалып қойған санды атауды үйрету;теңдік туралы түсінік беру, топтардағы әртүрлі заттардың санының тең екендігін анықтауды, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мағынаны дұрыс меңгерту;
Шығармашылық саласы бойынша геометриялық фигураларды қиюға үйрету: қиып алудың негізгі түрлерін меңгерту, жеке заттарға қарап немесе есте сақтау арқылы суреттердің,өрнектер мен оюлардың композициясын құрастыруды үйрету
Әлеумет саласы бойынша отбасы мүшелеріне деген өзінің қарым-қатынасын, жақындарына деген өзара сыйластық, қамқорлық деген ұғымдарды үйрету айналасындағы табиғаттың сұлулығын қабылдауды, табиғатқа қамқорлық жасауды үйрету.

Қортынды: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері Мемлекеттік стандартың 4-тарау 17 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес.

1.7. "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.
Талдау нәтижесі: Барлық (2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021) жылдардағы перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары арқылы оларды кіріктіру жолдарымен жасалған, перспективалық жоспарларда түсінік хаттар жазылған, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері, өтпелі тақырыптар мектеп басшысымен бекітілген. Әр аптаға жасалған циклограммаларда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру білім беру салалары арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылған.
"Денсаулық" білім беру саласы баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға; шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерді қолдана отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуға бағытталған.

"Қатынас" білім беру саласы коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамытуға бағытталған.

"Таным", білім беру саласы санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейтуді, креативтік ойлауды дамытуды қамтиды.

"Шығармашылық"білім саласы командада жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілердің дербес шығармашылық іс-әрекетін іске асыруды қамтиды.

"Әлеумет" білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді; қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, оларға құрметпен қарауды, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыруды, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды қамтиды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс- әрекеті негізінде жүргізілген.

Балалар түрлі халықаралық, республикалық, облыстық сайыстар мен байқауларға қатысқан.

Оқу жылы	Халықаралық саны	Республикалық саны	Облыстық саны	Аудандық саны	%
2017-2018	26	17	5	-	47
2018-2019	30	21	-	-	60
2019-2020	22	17	-	-	51
2020-2021	25	23	-	-	60

Қортынды: Мемлекеттік стандартың 7,8,9,10,11,12,13,16 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес.

1.8.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі)

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша *бастапқы* мониторинг жүргізілген. Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 3 деңгейі және бала жетістіктерінің мониторингі жасына сәйкес жасалған. (бастапқы- қыркүйек, аралық –қаңтар, қортынды- мамыр)

1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Бастапқы бақылау қортындысы шығарылған, білім салалары бойынша түзету шараларын жүргізу мақсатында әр балаға жеке даму картасы (100%) толтырылған.

Оқу жылдары	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей	Бастапқы бақылау қортындысы
2017 – 2018	102	81	21	-	20%
2018 – 2019	87	68	19	-	22%
2019 - 2020	77	59	18	-	25%
2020 – 2021	78	60	18	-	23%
2021 – 2022	63	45	18	-	29%

Қортынды: Мемлекеттік стандартың 4- тарау 17 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес.

2.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:
2.1)МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілген.

Тексеру нәтижесі: Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

2017-2018,2018-2019;2019-2020 оқу жылдарында мектепалды сыныбында бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 20 сағатты және вариативтік компонент 4 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің ұзақтығы 25-30 минуттан. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынған.

Оқу жылы	Білім салалары	апталық	жылдық
2017-2018 2018-2019 2019-2020	Денсаулық	3	96
	Қатынас	6,5	208
	Таным	3,5	112
	Шығармашылық	5	160
	Әлеумет	2	64
		20	**640**
	Вариативтік	4	128
2020-2021 2021-2022	Денсаулық	3	99
	Қатынас	5	165
	Таным	2,5	82,5
	Шығармашылық	5	165
	Әлеумет	1,5	49,5
		17	**561**
	Вариативтік	3	99

2020 – 2021 оқу жылында мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан – 17 сағат және вариативтік компонент 3 сағатты құрайды.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына сәйкес.

2.2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған.

Мектепалды даярлық сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан – 17 сағат.

Қортынды: Мемлекеттік стандартың 14, 15 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (05.05.2020№182) сәйкес.

2.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Тексеру нәтижесі: Даярлық сынып тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан сауалнама алынған.

Қортындысы:

Жылдар	Ата ана	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
		-2	-1	0	+1	+2
2019-2020	78	-	9	9	35	25
2020-2021	80	2	3	7	40	28
Жалпы	158	2	12	16	75	53

Мектепалды даярлық сынып ата – аналарынан алынған сауалнама қортындысы 81% оң нәтиже көрсеткен.

3.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

3.1)МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласындағы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктердің көлемін игеру.

3.2) Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қортынды) нәтижелерінің болуы және талдау.

Талдау нәтижесі: Мектепалды даярлық сыныбында

Денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды,қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды,сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және

дыбыстық талдауда білімін қолдануды,төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, коршаған ортадағы объекетілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын , қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды,балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез – құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

№182 бұйрығы) (бұдан әрі – Стандарт) мен мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын және білім білік дағылырын меңгеруін бағалау мақсатында **қортынды** мониторинг жүргізілген. Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 3 деңгейі және бала жетістіктерінің мониторингі жасына сәйкес жасалған. (бастапқы- қыркүйек, аралық –қаңтар, қортынды- мамыр)

1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Қортынды мониторинг нәтижесі шығарылған,

Оқу жылдары	Бала саны	I	II	III	Қортынды бақылау нәтижесі
2017 – 2018	103	7	46	50	93%
2018 – 2019	85	9	25	51	89%
2019 – 2020	76	12	39	25	84%
2020 – 2021	74	14	39	22	82%

Қортынды: Мемлекттік стандартың 16, 17 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (05.05.2020№182) сәйкес.

4.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1)Жас кезеңдерін сақтау және жас топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцп бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9- қосымшасына сәйкес жас

топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі) (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы)

2)тәрбиеленушінің 1 сыныпқа қабылданғанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау

Талдау нәтижесі:

Оқу жылдары	4,9 жас	5жас	6 жас	7жас
2017-2018	---	81	22	---
2018-2019	4	69	12	-----
2019-2020	-----	72	7	-----
2020-2021	4	53	21	-----
2021-2022	2	53	9	-----

2017-2018; 2018-2019 жас ерекшеліктері 6-7 жас Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 21 тармақтың 2тармақшасына сәйкес.

2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (5-тарудың 22тармақтың 2тармақшасына) сәйкес.

Ұсыныс: Өтпелі тақырыптардың циклограммасын сәйкестіндіру.Ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын түрлерін,әдіс-тәсілдерді қолдану.Балалардың даму картасын уақытылы толтыруы.Жеке даму картасына түзету жұмыстарын жүргізу.

Қортынды: Оқу мерзіміне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы(МЖМБС) талаптарына сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ: «№3 Хромтау орта мектебі» КММ -де мектептке дейінгі тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің азаматтық және ұлттық құндылықтарын дарытуға, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары,тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту, оқушылардың денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға қажетті білімдік орта құрылған.

Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№3 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінінде білім мен тәрбие беру үдерісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы(МЖМБС) талаптарына сәйкес.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
2-параграфы

1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, *бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына* қойылатын талаптар.

1.1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

Талдау:

2017-2021жылдар аралығындағы жылдық жұмыс жоспарлары жинақталған. Әр оқу жылдың соңында педагогикалық талдаулар жасалған. Жылдық жұмыс жоспарлары мектеп директорымен бекітіліп отырған. Жалпы жұмыс жоспарлары ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, ҚР мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартын (МЖМБС), өзге де білім саласының заңнамаларын басшылыққа алып жасалынған.

2017-2021 оқу жылдарында мектептің жылдық жұмыс жоспарын құруда мектептің білім мен тәрбие беру үдерісінің ***негізгі мақсаты*** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің(бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты орындау және жүзеге асыру басшылыққа алынған.

Жылдық жұмыс жоспарлары төмендегі ***міндеттерді*** жүзеге асыруға бағытталған.

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру;
-Жаңартылған білім беру жүйесінде « 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының79-қадамына сәйкес жаратылыстану-математикалық циклдің химия,биология, физика, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытылуын қамтамасыз ету;
- функционалдық сауаттылықты, сын тұрғысынан ойлауды, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған сапалы және өмір бойына қажетті білім беруді қамтамасыз ету;
-Білім алушының бойында әлеуметтік- коммуникативті сөйлеу мәдениеті және ойлау мәдениеті, түрлі бағыттағы адамгершілік- рухани мәдениетін, танымдық қызығушылығы,эстетикалық-көркемділігін, спорттық салауаттануын дамыту;
- Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында (2019ж), *"Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі"«Қолжетімді әрі сапалы білім»* Жолдауында (2020ж)
айтылған кәсіби бағыт-бағдар беру бағытын дамыту, коронавирус індетінің салдарынан болған олқылықтардың орнын толтыру, білім сапасын көтеру әдістерін жетілдіру;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде тәрбиелеу;
-«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша IT технологиялар, инжиниринг және робототехника,STEM бағдарламалардың әрбір білім алушыға қол жетімділігін қамтамасыз ету;
-«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың іргетасы мектепте қалануына ықпал ету, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының мақсатты түрде жүргізілуін, оқытудың тәрбиелік құрамдасының күшейтілуін қамтамасыз ету.
-«Ұлы дала мұрагерлері» тәрбиелік азаматтық-патриоттық жобасын жүзеге асыру;
- Ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға қолайлы орта құру

Жылдық жұмыс жоспарларында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруда *«Білім мен тәрбие беру үдерісін жетілдіруге бағытталған технологияларды мектеп тәжірибесіне енгізу арқылы оқушылардың танымдық -ізденушілік қабілеттерін дамыту арқылы адами құндылықтарға баулу»* тақырыбындағы мектептің педагогикалық әдістемелік мәселесі бойынша жұмыс жасалған. Мектеп мәселесінен бейінідері бойынша әр әдістемелік бірлестіктер мәселелері жүзеге асқан.

*Бастауыш сынып мұғалімдері ӘБ мәселесі:*Бастауыш буын оқушысының танымдық-ізденушілік қабілеттерін дамыту әдістерін сабақта кенінен қолдану

Тілдік пәндер мұғалімдері ӘБ мәселесі «Оқушының тілдік - коммуникативтік дағдыларды жетілдіру арқылы танымдық -ізденушілік қабілеттерін дамыту »

*Математика, информатика пәндері мұғалімдері ӘБ мәселесі*Оқушының логикалық ойлауы мен танымдық-ізденушілік іс -әрекетін жітілдіретін технологиялар арқылы математикалық сауаттылықты дамыту

Жаратылыстану пәндері(химия, биология, география,физика) мұғалімдері ӘБ мәселесі Жаратылыстану-ғылыми білім беру және clil – технологиялары арқылы оқушылардың танымдық-ізденушілік қабілеттерін дамыту

*Қоғамдық пәндер мұғалімдері ӘБ мәселесі:*Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиялары арқылы танымдық -ізденушілік қабілеттерін жетілдіру жолында оқушыны тарихи сана мен тарихи ойлауға үйрету

Эстетика-техникалық пәндер мұғалімдері ӘБ мәселесі Оқушылардық танымдық - ізденушілік қабілеттерін дамыту арқылы, эстетикалық, салауаттық көзқарастары жетілген шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Мектептің жылдық жоспарының құрылымы:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
-Педагогикалық ұжымның «Білім туралы» Заңның орындалуын жүзеге асыру жоспары;
-Мектептің әкімшілік-басқарушылық алқа жиындар жұмыс кестесі (жұмыс циклограммасы.)
-Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары.
-Әдістемелік кеңес жұмыс жоспары.
-Директор жанындағы кеңес отырысының жұмыс жоспары.
-Мектеп директорының жұмыс жоспары.
-Білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін бақылау жоспары
-Мектепішілік бақылау жоспары. 1-11 кл.
-Оқу-ісі жөніндегі орынбасарлар жанындағы кеңес отырысының жоспары
-Құжаттардың жүргізілуін бақылау жылдық жоспары.1-11кл.
-Оқу пәндерінің жүргізілуін бақылаудың перспектиытік жоспары
-Педагогтардың біліктілігін арттырудың перспективтік жоспары
-Оқу-ісі жөніндегі орынбасарлар жанындағы кеңес отырысының жоспары

-Құжаттардың жүргізіліуін бақылау жылдық жоспары. 5-11кл.
-Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары
-ҰБТ-ге дайындау бағытында жүргізілетін жұмыс жоспары.
-ББЖМ -ға байланысты жүргізілетін іс-шаралар жоспары.
-Мектептің әдістемелік қызметінің жұмыс жоспары.
-Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары.
-Мектептің тәрбие жұмысының жоспары.
-Педагог ұйымдастырушының жұмыс жоспары.
-«Жасұлан», «Жас қыран»балалар ұйымының жұмыс жоспары..
-Мектептің әлеуметтік педагогының жұмыс жоспары.
-Мектептегі психологиялық орталықтың жұмыс жоспары.
-Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмыс жоспары
-Мектептегі кітапханадағы жүргізілетін жұмыстар жоспары.

Мектеп жұмысын жоспарлауда ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарының орындалуына баса назар аударып, негізгі пәндерді оқытуды бақылау, оқушылардың функционалды сауаттылық білім, білік, дағдыларының жағдайын бақылау, кәсіптік оқыту мен кәсіп алды дайындықты мектепішілік бақылауға алу, дарынды балалармен жұмыс, үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жүйелеу жұмыстарын ұйымдастыру бағыттарындағы міндеттерді шешуге жұмыс жасаған.

Аталған жұмыстардың жүргізілуі мектептің алқалы жиындарында қаралып, жақсарту бағытында шешімдер қабылданып отырған.

2018-2021 оқу жылдарында ***педагогикалық кеңестерде қаралған негізгі тақырыптар:***

- Жаратылыстану пәндерін (физика, биология, химия, информатика)үш тілде оқыту бойынша атқарылған әдістемелік жұмыстар есебі
- Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру
- «Оқуға құштар мектеп», «Дебаттар» жобаларының жүзеге асуы
- Білім алушылардың бейіндік пәндер бойынша білімін жетілдіру жағдайы (7-11 кл)
- Педагогтардың біліктілігін арттыруы- кәсіби дамуға жол
- Мектептегі білім беру жүйесіне отбасы құндылықтарды енгізу бағытындағы мектеп пен отбасы арасында үйлесімділік жағдайы
- Білім алушылардың интелектуальдық сайыстар мен олимпиадаларға қатысымы, зерттеушілік әлеуетті дамыту

<u>Директор жанындағы кеңес отырыстарында</u> :

Айына бір рет отырыстарда :

-функционалдық сауаттылықты дамыту жағдайы;
-негізгі пәндердің оқытылуы мен жүргізілу сапасын талдау;
-пәндер бойынша білім сапасын талдау;
-негізгі пәндердің оқу бағдарламасының орындалуы;
-4, 9, 11 кластардағы білім сапасына талдау;
-оқушыларының жазу каллиграфиясы мен орфографиялық режимнің сақталуы, жазба жұмыстарының орындалуына талдау.
-пән мұғалімдері мен білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстармен айналысуын талдау.
-ББЖМ, (ҰБТ) –ға дайындық жұмыстарының ұйымдастырылуы;
-Мектептегі үйірме , секция жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы;
-«Күнделік kz.» сынып журналдарының толтырылуы;
-Педагогтің кәсіби құзыреттілігі-оқу мен оқытудың тиімділігін арттыру;

-Жас мамандар, олардың тәлімгерлері жұмысының ұйымдастырылуы;
-Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары, дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту жұмыстарын ұйымдастыру. т.бсұрақтары қаралып, шешімдер қабылданып отырған.

Міндеті:

-Оқу жоспарының инвариантық бөлімінің орындалуын бақылау;
-Оқушыларға жауапкершілік пен өмірлік дағды мен құзырлылықты меңгеруде ынтаны, қызығушылықты қалыптастыру;
-Сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы мұғалімнің қызметін вариативтік компонент жеке оқу сабақтары арқылы қамтамасыз ету;
-Оқу пәндеріне жаңа, алдыңғы қатардағы инновацияны, тиімді әдістер мен тәсілдерді практикаға енгізуде мұғалімдердің жауапкершілігін арттыру;
-Мектептің іс құжаттарын жүргізу мен оның жағдайына бақылау жасау жүйесін жетілдіру;

Мектепішілік бақылау жоспарының бағыттары:

1.Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау;
2.Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
3.Оқу процесінің сапасын бақылау;
4.Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау;
5.Оқу-зерттеу қызметі;
6.Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау;
7.Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау;
8.Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау;

Мектепішілік бақылау жоспарына енгізілген сұрақтар:

-PIZA., TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеу– ге дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
-Пәндер бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығының мониторингі;
-2-4,5 класс оқушыларының дұрыс, шапшаң, мәнерлеп оқу дағдысынының қалыптасу деңгейін анықтау;
-Үш тілде оқытылатын пәндердің жүргізілуі; (физика,химия,биология, информатика)
-Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы;
-0, 1, 10 кластарды жинақтау және бейімдеу жұмыстары;
-Оқу бағдарламасының стандартқа сай орындалуы;
-Орыс тілі және әдебиет, ағылшын тілі пәндерінің берілу жағдайы;
-Дүниетану, жаратылыстану, география пәндерінің берілу жағдайы;
-Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру;
-1, 5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі және қиындықтарын анықтау;
-Химия,биология, физика пәндерінен өтілетін сарамандық, зертханалық жұмыстардың барысын тексеру;
-Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы;

Оқу үрдісі бойынша мектепішілік бақылау жоспары бойынша оқу бағдарламасының орындалуын бақылау, негізгі пәндердің оқытылуы мен жүргізілуі, міндетті стандарт бойынша жеке пәндердің жазба жұмыстары нормативінің орындалуы, пәндер бойынша білім сапасын бақылау, сыныптардың жалпы сыныптық бақылаулары жүргізіліп өткізілген.

Өткізілген әдістемелік семинарлар мен коучингтер тақырыптары:

Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен шығармашылық әлеуетін көтеруде әдістемелік көмек көрсетуде бастауыш буын бойынша «Оқылым және жазылым дағдыларын меңгерту әдістемесі» «Математика пәнін оқытуда бейнелік және логикалық ойлауды дамыту»

_« Дүниетану сабағында__білім алушының зерттеушілік, жобалық қызметін қалыптастру»

Негізгі мен орта буын мұғалімдеріне «Білім алушының логикалық ойлауы мен жобалық іс -әрекетін дамыту –математикалық сауаттылық негізі» , «Шет тілін үйрету сабақтарында ауызша (айтылым, тыңдалым) , жазбаша(оқылым, жазылым) дағдыларын дамыту әдістері »«Зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған«Independent project» юниты, «Білім алушылардың сабақтан тыс уақыттағы ғылыми және жобалық жұмыстары», «Жаратылыстану-ғылыми білім беру және clil – технологиялар» , «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту : тарихи ойлауға үйрету », « Тілдік білім беру: функционалдық- коммуникативтік 4 дағдыны дамыту», «Білім алушының дене бітімін жетілдіру мен эстетикалық шеберлігін ұштаудағы дамыту технологиялары » «Білім сапасын көтерудегі интербелсенді әдістердің тиімділігі», «Жаңаша білім беру: талпыныс пен мүмкіндіктер», «Үй тапсырмасын беру талаптарын орындау », «SMART мақсат қою - нәтижеге бағдарлану», «Педагогикалық дебют», «Педагогикалық олимп», «Шетел тілін үйретудегі коммуникативтік оқыту технологиялары» тақырыптарында семинарлар мен іс- шаралар жоспарланып, жүргізілген

Мектептің өзекті мәселесіне сай педагогтардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту бағытында бөлінген көшбасшылық бағытта мектепте «Педагогикалық даму» бойынша «Табысты тәжірибе » қоғамдастығы – жетекшілері ілгеріндi,бірінші деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдер ,«Шабыт » қоғамдастығы жетекшілері «Көшбасшылықты ұйымдастыру » бойынша сертификатталған мұғалімдер, үш тілде сабақ беретін педагогтерге көмек беруге ұйымдастырылған «Ментор» мектебі - жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Ергазина АУ , мектеп тренерлері, « Педагогикалық үміт» мектебі- жетекшісі Махмудова АА жұмыс жасаған. Қоғамдастықтарда педагогтар мектеп тәжірибесіне енгізілген жаңашылдықтар бойынша жұмыстанған. Мектепте Іс-әрекеттегі зерттеу, Lesson Study , тәлімгерлік үдерістер жағары деңгейде өткізілген.

Үштілді білім беруді дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары құрылып,төмендегі бағыттар бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізіліп келген.

-Коммуникативтік тәсілді, пәнаралық талап қою тақырыптарын, пәндердегі сабақтастықты ескере отырып, тілдік пәндердің оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтыруларды зерделеу

-Кластарда үштілдік білім беру бойынша зерттеу жүргізу;

-Үштілді білім беруді дамыту нәтижесіне мониторинг жүргізу;

-Оқушылардың танымдық қызығушылығын жандандыру үшін сыни ойлаудың әдістері мен тәсілдерін зерттеу және мектеп тәжірибесіне енгізу;

тақырыптарындағы шаралар жоспарланып, жүргізілген.

Жалпы мектепте үштілділік бойынша жаратылыстану математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту курсынан 7 мұғалім курстан өткен. Соның ішінде: 1 мұғалім химия, 2 мұғалім биология, 2 мұғалім информатика және 2 мұғалім физика үш тілдік курстық даярлықтан өткен.

№	Мұғалімдердің аты-жөні	Деңгейлері
1	Мусина Гулжанат Абдисадыковна Химия пәні мұғалімі	1.А1 деңгейі /10.05-8.06.2017ж. №10071 2.А2 деңгейі /12.06-8.09.2017ж. №116673.Терминология ж/е ағылшын тілінде сабақ берудің негіздері /28.10-18.11.2017ж. №132474.В1 деңгейі /18.09-2.12.2017ж. №14714
2	Коптенова Нұрсұлу Мухтаровна Биология пәні	1.А1 деңгейі /10.05-8.06.2017ж. №10080 2.А2 деңгейі /12.06-8.09.2017ж. №11676 3.Терминология ж/е ағылшын тілінде сабақ берудің негіздері /28.10-

	мұғалімі	18.11.2017ж. №13256 4.B1 деңгейі /18.09-2.12.2017ж. №14723
3	Түлкібай Жадыра Жөкешқызы Биология пәні мұғалімі	1.09.2017ж Starter деңгейі бойынша ағылшын тілі курсынан өткендігін растайтын Сертификат №9333;2.10.2017ж. A1 деңгейі бойынша ағылшын тілі курсынан өткендігін растайтын Сертификат №12206;3.11.2017ж. A2 деңгейі бойынша ағылшын тілі курсынан өткендігін растайтын Сертификат №15026;4.02–06.2018ж. Жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту мақсатында оқытылған Nazarbayev University Educational Excellence center Ақтөбе қаласы филиалы тарапынан берілген CLIL сертификаты; 5.06.2018ж. «XXI ғасыр педагогы» атты біліктілікті арттыру бағдарламасының 72 сағаттық сертификат №08-28793;
4	Бисембаева Камшат Туребеккызы Физика пәні мұғалімі	1. A1 деңгей 4.09-29.09.2017ж. 2. A2 деңгей 30.09- 27.10.2017ж. 3. Professional Development Program 240 hours of intensive course 60 hours of Subject Specific English /4.09-17.11.2017/ № NUEECPDPS2512 4. /420 hours/ of intensive English,/72 hours/ of CLIL 19.02-16.07.2018/ №NUEECPDPS56735.«XXI ғасыр педагогы» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы /72 сағ/ 5.06-15.06.2018, №08-28686
5	Жалпина Бадигул Нагидоллаевна Физика пәні мұғалімі	1.Starter /18-09-28.092017ж. №92222.A1 деңгейі /29.09-16.10.2017ж. №120933.A2 деңгейі /17.10-1.11.2017ж. №14913 4. «XXI ғасыр педагогы» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы /72 сағ/ 15.08.2017ж.5. B2 деңгей 220 сағат /19.10.2018ж/№08-33963
6	Ермаханова Мадина Ертлеуовна Информатика пәні мұғалімі	1.A1 деңгей /25.02.-03.04.2019ж/ №AIU-2019-03762.A2 деңгей /04.04.-12.05.2019ж/ № AIU-2019-13883.B1 деңгей /13.05-27.09.2019ж/ 4.CLIL /09.2019ж-10.2019ж/5. B2 деңгей /03.09-07.11.2019ж/ № AIU-2019-3409
7	Акмурзаева Алмагуль Бекболатовна Информатика пәні мұғалімі	1.A1 деңгейі /10.05-8.06.2017ж. №10070 2.A2 деңгейі /12.06-8.09.2017ж. №1166 3.Терминология ж/е ағылшын тілінде сабақ берудің негіздері /28.10-18.11.2017ж. №13246 4.B1 деңгейі /18.09-2.12.2017ж. №14713

2019-2021 оқу жылында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жағдайы 9-кластар бойынша мектепішілік бақылау жоспарына сай тексерілген. Терминдердің аудармалары үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілінде берілген.

Жаратылыстану пәндері (химия, биология, физика, инфрматика) үш тілде оқыту ең алдымен оқушының сабақ үстінде жан жақты дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайту мүмкіндіктеріне бағытталған. Орта білім беру мазмұнын жаңарту негізі CLIL әдісін белсенді қолдану арқылы ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың орыс, ағылшын тілдерін меңгерудегі сөздік қоры толықтырып, сөйлеу дағдысы қалыптастыруда жұмыс жүргізілген.Үш тілде білім беретін педагогтерге көмек беру мақсатында «Ментор» мектебі құрылған.

«Үштілдік» ұлттық жоба аясында білім алып дамуға бейімдеу үшін ағылшын тілінде сабақтан тыс өткізілген іс-шаралар: «Жаратылыстану-ғылыми білім беру және clil – технологиялар», "CLIL әдісі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пән мен тілді кіріктіре оқыту",«Мұғалімнің шеберлігі - оқушының жетістігі» , «Lesson Study зерттеу сабағын тиімді жоспарлау және өткізу», «Оқушылар біліміндегі олқылықтарды анықтау, оқыту процесіне түзету енгізу», "Пән бойынша күрделі тақырыптарды зерделеу тәсілдері»т.б

2020-2021 оқу жылында COVID-19 короновирустық инфекциясы таралу кезеңіне байланысты жұмыс жоспарына өзгерістер енгізіліп, оқу-тәрбие процесі аралас форматта (офлайн, онлайн) ұйымдастырылып отырды.

Жұмыс жоспарындағы барлық шаралар, барлық жедел кеңестер мен тәрбиелік шаралар қашықтан ZOOM платформасы (он-лайн) арқылы ұйымдастырылды.

Психологиялық қызметтің ерекше білімді қажет ететін білім алушыларымен жасалған жұмыс:

2020-2021 оқу жылында мектептің психологиялық қызметі тарапынан инклюзивті және үйден оқитын оқушылардың тізімі, құжатары жинақталған. Өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру, түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу, бір-бірімен қарым-қатынас машығын қалыптастыру, өзіндік бағаны жоғарылату мақсатында инклюзивті білім алушы балалармен жеке тренинг «Менің қолымнан бәрі де келеді» тренинг өткізілді. Қараша айында ZOOM арқылы даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына кеңес «Инклюзивті білім алу» «Бала мен ата-ана арсындағы махаббат арттыру үшін «Отбасылық құндылық- тәрбиенің негізі» онлайн презентация өткізілген. Кеңес барысында ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарына әр түрлі кеңес оқылып сұрақтарға жауап берілген. Инклюзивті және үйден оқыту оқушыларымен «Өмірде жоқ жануарлардың суреті» тест өткізілген.Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың бойларындағы қабілетін аша білу, бірі –бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қалыптастыру тренингі «Мен бақытты боламын"тренингі өткізілген. Оқушылар «Шексіз шығармашылық»атты республикалық сайысқа қатысып, нәтижесінде Алдамжаров Н 4 «Ә», Елемесова Көркем 3 «А»1-орын .Самат Гүлім 1 «А» 2-орын иеленген. Инклюзивті оқушылардың психологиялық жағдайды анықтау үшін Люшер тесті алынып, тест қорытындыланып, әр оқушыға мінездеме дайындалған.

Қорытынды: Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасауда ҚР БжҒМ 2018ж.31.10.№604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС) талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтары, мақсаттары мен міндеттері басшылыққа алынған.

1.2 Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкестігі

Талдау:

Мектептің 2017-2021 жылдардағы жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі тексерілді.

2017-2018 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен (өзгерісі ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен) бекітілген « Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»(МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенді. Мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы,ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынған.

1,2,5,7 сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыған. 3а, 4а,4ә , 5а, 6а, 7а, 8а кластары гимназиялық кластар болып ашылған. Бұл кластарда гимназиялық компонент сағаттары, шығармашылық үйірмелер жүргізілген.

Оқушы контингенті- 986 оқушы, 39класс комплектісіне оқу жұмыс жоспары төмендегідей жасалған:

1)*1,2 сыныптарда:*

-ҚР Үкіметінің 2015жылғы 25 сәуірдегі №327 Қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығы) көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Білім алушыларға қосымша жан-жақты білім беру, шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін арттыру, функционалдық сауаттылықтарын дамыту , бейіндік бағдар беру мақсатында төмендегідей вариативтік сағаттар таңдалған.

Вариативтік оқу жүктемесі бойынша 1а,ә,б,в,г кластарда «Көркем жазу»-1 сағат, «Қызықты математика»-1 сағат, барлығы 2 сағаттан берілген.

2а,2ә,2б,2в сыныптарына «Логика» - 1 сағат, таңдауы бойынша «Қызықты грамматика»-1 сағат ,барлығы 2 сағат берілген.

2)3,4,6,8-11 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен(1,2,4,5,8,10 қосымшалар) бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сай жасалған.

3а,3ә,3б,3в,3г сыныптарына: Мектеп компоненті есебінен аптасына 1 сағаттан «Қызықты математика», «Қызықты грамматика», « The Colourful world of English-3» арнаулы курстары өткізілген. Оқушы компоненті есебінен аптасына 1 сағаттан «Ақпараттық мәдениет негіздері» курсы жүргізілген.

3а гимназиялық сыныбында гимназиялық компонент есебінен аптасына 1 сағаттан

«Әдеп әліппесі»,«Сөз өнері», «Мәнерлеп оқу »,«Сандар сыры» курстары және аптасына 1 сағаттан жүретін «Шахмат »,«Шебер қолдар»,«Дизайн -өрнек»,«Құқық әліппесі» шығармашылық үйірмелері жүргізілген.

4а,4ә,4б,4в,4г сыныптарында :

Мектеп компоненті есебінен аптасына 1 сағаттан «Мәнерлеп оқу » , «Қызықты математика», «The Colourful world of English-4» курстары, оқушы компоненті есебінен «Ақпараттық мәдениет негіздері» өткізілген.

4а-4ә сыныптарында гимназиялық компонент есебінен аптасына 1 сағаттан «Әдеп әліппесі»,«Мәнерлеп оқу », «Сандар сыры», «Қызықты математика», «Қызықты грамматика», «Туған өлкем » арнайы курстары мен «Шахмат »- аптасына 1.5 сағат, «Шебер қолдар» - аптасына 1 сағат,«Дизайн -өрнек»- аптасына 1 сағат, «Құқық әліппесі»- аптасына 1 сағат шығармашылық үйірмелері жүргізілген.

Жалпы 1-4 кластар бойынша мектеп компонентінен барлығы-34 сағат, оқушы компонентінен 24 сағат өткізілген.

6а, 6ә,6б сыныптарында мектеп компоненті есебінен аптасына 1 сағаттан «Олимпиада есептерін шығару» -аптасына 1 сағат«Эссе жазу құпияс» арнаулы курстар өткізілген.6 а гимназиялық класында гимназиялық компонент есебінен аптасына 1 сағат «Speaking English»,«Саяхаттану »,«Жантану негіздері »,«Математикалық логика » курстары, «Өсімдік әлемінде »,«Дизайн -өрнек» , «Ғаламтор ғажайыбы »,«Шебер қолдар » шығармашылық үйірмелері жүргізілген.

8а, 8ә,8б сыныптарында мектеп компоненті есебінен аптасына 1 сағаттан «Адам физиологиясы »,«Brush Up your English!», «Тарих тағылымдары » арнайы курстары, оқушы компоненті есебінен «Қаламгер», «Электр әлемі » курстары жүргізілген. 8 а гимназиялық класында гимназиялық компонент есебінен аптасына 1 сағаттан «Шешендік өнер»,«Есептеу техникасы», «Жантану негіздері »,«Happy English» курстары, «Ұлы саяхатшылар », «Дизайн-өрнек», «Сөз зергері », «Ғаламтор ғажайыбы » шығармашылық үйірмелері жүргізілген.

9 а,9ә,9б сыныптарында мектеп компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері»,«Абайтану»,«Математикадан күрделі есептерді шығару» арнайы курстары мен оқушы компоненті есебінен «Шығарма жазу сырлары » курстары оқытылған.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша аталған курсты біліктілікті арттыру курстарынан өткен тарих пәні мұғалімі жүргізген.

10-11 кластарда жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспары қосымша 8 бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша жүзеге асырылған.

*10а,10 ә кластарында :*мектеп компоненті есебінен аптасына 1 сағаттан «Теңдеулер және оны шешу тәсілдері »,«Абайтану »,«Еліміздің жасыл энергетикасы »,«Физика ғылымындағы іргелі эксперименттер » ,«Цитология негіздері» арнайы курстары жүргізілген.

Оқушы компоненті есебінен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген жүйекұраушы «Мәңгілік Ел» құндылығын оқушылар бойына сіңіру, мәңгілік ел болудағы қазақ елінің тарихындағы оқиғаларға тоқталу, тарих ғылымына бағдар беру мақсатында «Мәңгілік ел белестері» (аптасына 1 сағат)таңдау курсы оқытылған.

11а ,11 ә кластарында мектеп компоненті есебінен:
«Абайтану », «Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару жолдары », «Эссе - ойдың толғауы », «Бәрі біздің түп -тұқиянымызда (Гинетика негіздері) »,«Математикалық практикум» арнайы курстары мен оқушы компоненті есебінен «Мәңгілік ел белестері» курсы оқытылған.

ҚР Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша «Өлкетану» (7-сынып), «Абайтану» (9-11-сыныптар) таңдау курстары оқытылған.

3)5,7 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығының *1-қосымшасы* басшылыққа алынып жасалған.

5 а,5ә,5б,5в сыныптарында мектеп компоненті есебінен аптасына 1 сағатан «Туған өлке географиясы », «Логикалық есептер », «Мәнерлеп оқу өнері », «English is around us» арнайы курстары оқушы компоненті есебінен «Шахмат» курсы өткізілген.

5 а гимназиялық класында гимназиялық компонент есебінен аптасына 1 сағаттан «Ғұламалар тағылымы », «Орфография сырлары »,«Жантану негіздері »,«Секреты орфографии » курстары мен «Шебер қолдар », «Дизайн өрнек», «Ғаламтор ғажайыбы »,«Бояулар сиқыры» шығармашылық үйірмелері өткізілген.

7а,7ә,7б сыныптарда мектеп компоненті есебінен аптасына 1 сағаттан «Journey to the English grammar», «Физикалық -техникалық моделдеу», «Өлкетану » арнайы курстары,оқушы компоненті есебінен аптасына 1 сағат «Орфография құпиясы» курсы өткізілген.

7 ә гимназиялық класында гимназиялық компонент есебінен «Есептерді шығару техникасы », «Табиғаттағы тірі әлем », «Жантану негіздері », «Brush Up your English!» арнаулы курстары мен «Трудные случаи орфографии и пунктуации » «Дизайн-өрнек»,«Сөз зергері»,«Ғаламтор ғажайыбы » шығармашылық үйірмелері жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сай 7 сыныптарда «Өлкетану» ,9-11 кластарда «Абайтану» таңдау курстарын вариативтік сағаттар есебінен оқытылған.

Сабақ кестесі:2017-2018 оқу жылына құрылған сабақ кестесі бес күндік оқу аптасына 1,2, 5, 7-сыныптар үшін жасалған.Сабақ кестесін құру барысында ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарының сақталуы басты назарда ұсталынып жасалған.Сабақ кестелері ата-аналар комитетімен келісілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі нормалардан аспауы қарастырылған.

Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған.

Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан

екі үзіліс қойылған.Сабақ кестесіндегі сабақтар журналдарға толық түсірілген.(қағаз журнал).

Қорытынды: 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған.

2018-2019 оқу жылында_Парламенттің алтыншы шақырылымының 2016 жылғы 25 наурыздағы бірінші сессиясының ашылуындағы Президенттің тапсырмасына сәйкес, 1-11кластар бескүндік оқу аптасына көшті.

1, 2, 3, 5, 6, 7, 8-кластар жаңартылған білім мазмұны бойынша, ал 4, 9, 10-11-кластар 2013 жылы бекітілген оқу бағдарламаларымен білім алды.

2018-2019 оқу жылында оқушы контингенті- 981 оқушы,40 класс комплектісіне оқу жұмыс жоспары**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен**(өзгерісі ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен)**бекітілген «** Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»(МЖМБС) талаптарына сәйкестігі тексерілді.

1)1-3 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар бойынша 1 кластарды « Шебер қолдар»-1 сағат, «Сахна әлемі»-1 сағат, барлығы 2 сағаттан берілген.

Таңдауы бойынша сабақтарға 2а,ә,б,в,г кластарында «Логика»таңдау курсы,белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға аптасына 1 сағаттан «Сиқырлы саусақтар» курсы таңдалған. 3 а,ә,б,в кластарында таңдау бойынша «Логика» сабақтары, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға аптасына 1 сағаттан «Шебер қолдар», «Драма» курстары алынған.

4, 9, 10-11-сыныптарда білім беру процесінде

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 485 қаулысымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты басшылыққа алынды.

4,9,10,11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (1,2,4,5,8,10 қосымшалар) (өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына) сай жоспарланған.

4 а,ә,б,в,г кластарында оқушы компоненті мен мектеп компоненттерінен бөлінген сағаттар саны төмендегідей сақталған: таңдау бойынша сабақтар 4 кластарға «Қызықты математика», «Қызықты грамматика», «Логика» курстары таңдалып өткізілген. Оқушы компонентінен 4 кластарға «Мәнерлеп оқу» 1сағаттан таңдалған.

9а,ә,б кластарға вариативті компоненттен «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын оқытуға 1 сағат берілген.ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша аталған курсты біліктілікті арттыру курстарынан өткен тарих пәні мұғалімі жүргізген.ҚР

Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша «Абайтану», «Тарих, география, әдебиет: қиылыстар мен байланыстар» таңдау курстары оқытылған. Оқушы компоненті есебінен « Grammar and some nev jobs» курсы оқытылған.

10-11 кластардың оқу жоспарын құруда «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 қарашадағы № 471 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынған.

2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығының қосымша- 8,10 бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша қолданбалы курстар -6 сағат, таңдау курстары-1 сағат алынып жүргізілген.

10 а,ә сыныптарында мектеп компоненті есебінен «Абайтану», «Эссе-ой еркіндігі», «Қолданбалы есептерді шешу», «Сан есептерін шығару», «Тірі жасуша жұмбақтары» қолданбалы курстары, оқушы компонентінен « Lexical themes and grammar strukture » курсы жүргізілген.

11 а,ә сыныптарында мектеп компоненті есебінен «Абайтану», «Эссе-ой еркіндігі», «Қолданбалы есептерді шешу», «Сан есептерін шығару», «Физикалық практикум» «Гинетика негіздері»қолданбалы курстары, оқушы компонентінен «Елтану» курсы жүргізілген.

3) 5-8 кластарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығының *4 қосымшаларына* сәйкес жасалған.

5а,5ә,5б,5в,5г кластарына вариативтік компоненттің элективті курстары есебінен «Эссе жазу сырлары», «Менің Отанымның байлықтары»,6 кластарға «Биология ағылшын әлемінде», «Эссе жазу сырлары», «Математикалық логика» курстары, 7 кластарға «Әлем саяхатшылар көзімен»,8 ккластарға «Туған жер», «Биология және денсаулық» курстары жүргізілген.Жеке және топтық жұмыстарға 5-7 кластарға «Stem - DP» курсы, 8 кластарға «Физика әлеміндегі жобалау» курсы өткізілген.

Бұл курстарда оқушылар мектептегі STEM зертханада жобалау, құрастыру, модельдеу т.б бойынша физикалық,информатикалық білімдерін жетілдірді.

Сабақ кестесі: 2018-2019 оқу жылына құрылған сабақ кестесі бес күндік оқу аптасына жасалған.Сабақ кестесін құру барысында ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарының сақталуы басты назарда ұсталынып жасалған.Сабақ кестесіналғаш рет электронды «kyndelik kz» журналына енгізу сатылы түрде жүргізілген.

Қорытынды: 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған.Оқу жоспарының инвариантты оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.

2019-2020 оқу жылында оқушы контингенті- 890 оқушы, 40 класс - комплектісіне оқу жұмыс жоспары **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы**

№604 қаулысымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі тексерілді.
2019-2020 оқу жылында 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша, ал 11-сыныптар 2013 жылы бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларымен білім алды

1-4- кластардағы оқу жұмыс жоспарын құруда

1)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес;
2)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен бекітілгенүлгілік оқу жоспарлары басшылыққа алынды.
2019-2020 оқу жылында 1-4-сыныптар жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламалары мен жоспарлары бойынша оқыды.
2-4 кластарда таңдауы бойынша сабақтар үшін «Қызықты математика», «Логика», курстары алынған, ал 1 кластарға- «Шебер қолдар», «Ертегі сахналау» 2 кластарға «Шебер қолдар», 3 кластарға « Сахна әлемі», 4 кластарға «Драма »белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар алынып, өткізілген.

5-9 кластарда оқу жұмыс жоспарын құруда

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты менҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары басшылыққа алынды.
Вариативтік компоненттік бөліміндегі элективті курстардан -44 сағат, жеке және топтық сағаттарға 20 сағат алынған.
5-9 кластарда жер тану мақсатында «Туған жер », «Менің Отанымның байлықтары», «Тарих тағылымы», «Эссе жазу сырлары» элективті курстары,үш тілде білім беруді дамыту мақсатында «Химия ағылшын тілінде, «Биология ағылшын тілінде», «Информатика ағылшын тілінде», «Математикалық логика» курстары оқытылған. Жеке және топтық жұмыстар есебінен «STEM -DP», «Физика әлемінде» курстары алынған.
9 кластарға вариативті компоненттен ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын оқытуға 1 сағат берілген.
10 кластың оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес жасалған.
Оқушылардың жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерінің дамуын қамтамасыз ететін тереңдетілген деңгей пәндеріне физика және химия , стандарттық деңгей кәсіпкерлік және бизнес негіздері жаңа пән енгізілген.
Жеке және топтық сабақтар үшін 6 сағат- «Қазіргі туризм экономикасы», «Физикалық практикум», «Жалпы биология », ҚР Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша «Абайтану» , ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен (207-қосымша) бекітілген 30 сағаттық лагерьлік «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне берілген.

11а,ә кластардың оқу жоспары ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары басшылыққа алынып жасалған.

11 кластарға 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығының қосымша- 8 бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша қолданбалы курстар -12 сағат, таңдау курстары-2 сағат алынып жүргізілген.

Сабақ кестесі: 2019-2020 оқу жылына сабақ кестесін құру барысында ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарының сақталуы басты назарда ұсталынып жасалған. Сабақ кестелері ата-аналар комитетімен келісілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарындағы нормалардан аспауы қарастырылған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған.

Қорытынды: 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған.

2020-2021 оқу жылы

2020-2021 оқу жылының басталу ерекшелігі COVID-19 коронавирустық инфекцияның алдын-алуда таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде яғни, карантинге байланысты болды.

2020-2021 оқу жылын ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамызда № 345 бұйрығына 2-қосымша «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынды. Сонымен бірге 1-11 кластардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуға көшіріліп болды.

2020-2021 оқу жылында оқушы контингенті- 898 оқушы, 1-11 класс аралығында 41 класс комплектісіне жинақталған.

2020-2021 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары төмендегідей құрылған:

1-4 кластарда оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына 1 қосымшасы негізінде жасалған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

2-4 кластарда таңдауы бойынша сабақтарға 1 сағаттан «Логикалық математика», «Логика » курстары алынған.

ал 1 кластарға -3 сағат, 2 кластарға -4 сағат, 3 кластарға -4 сағат, 4 кластарға -5 сағат белсенді-қозғалмалы сипаттағы « Шебер қолдар», «Шешендік өнер», «Сахна өнері» жеке және топтық сабақтары алынып, өткізілген.

5-9кластарының оқу жоспарын құруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына 4- қосымшасы басшылыққа алынған.

Вариативтік компонент бөлімінен 5 класстарға -4 сағат «Lets travelling in Enghlish»,4 сағат «Адам және табиғат», 6 кластарға-5 сағат «Эссе жазу құпиясы», «Ғасырлар сыры», 5 сағат- «Математикалық логика негіздері», 7 кластарға -5 сағат «Эссе жазу сырлары»,8 кластарға 4 сағат «Ұлы дала шерткен сыр», «Математикалық логика », 9 класта

«Зайырлылық және дінтану негіздері» мен «Абайтану», «Физикалық практикум» элективті курстары оқытылған.
Жеке және топтық жұмыстар үшін 5-7 кластарға 1 сағаттан «EkoStem», «Innovative stem news», 9 кластарға «Тарих тағылымы»топтық сабақтар алынған.
10-11 кластарға ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығына 2 қосымша бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша тереңдетілген деңгей 10а,ә кластарында физика, география пәндері таңдалған, стандартты деңгейге кәсіпкерлік және бизнес негіздері алынып оқытылған.Жеке және топтық сабақтар үшін 10 кластарда қолданбалы курстар -6 сағат «Математикалық сауаттылық », «Физика есептерін шығару жолдары », «Жалпы биология» сабақтары жүргізілген. Ал 11 кластарда тереңдетілген деңгей физика, химия пәндері таңдалған, жеке және топтық сабақтар үшін 6 сағат «Математикалық сауаттылық », «Географиялық білім», «Биология негіздері» беріліп, жүргізілген.
10-11 кластарда ҚР Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша 1 сағат «Абайтану» , ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен (207-қосымша) бекітілген лагерьлік «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне 1 сағат берілген.
Сабақ кестесі: 2020-2021 оқу жылына сабақ кестесіҚРБілім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамызда № 345 бұйрығына 2-қосымша «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» 2.5 бөлімі 39 тармақшасы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған.
Жалпы қорытынды: Жалпы 2017-2021жж аралығында 4 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik kz»пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған.. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс қойылған.

1.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Талдау нәтижесі:

2017-2021 оқу жылдарының оқу орны жүзеге асыратын бағдарламалар мектептің оқу жоспары базалық оқу жоспары негізінде жасалған және білім берудің әр деңгейінде міндетті болып табылатын білім мазмұнын қажетті көлемде сақталған. Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үрдісін ұйымдастыру оқу жоспарымен және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалаған және мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын сақтауды қамтамасыз етілген.Инвариантты және вариативтік оқу,таңдауы бойынша,белсенді -қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындады, ол сабақтардың күндерін, сабақтар тақырыптарын, осы тақырыпты зерттеудің сағаттарының саны белгіленген.

2018-2019 оқу жылында 1-3-сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылды,ал 4-сыныптардың білім алушылары 2012 жылғы МЖМБС бойынша оқуды жалғастырылды.2018-2019 оқу жылында жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша «Жаратылыстану» пәні бастауышта 1-4сыныпқа енгізіліп оқытылған.

2019-2020 оқу жылында толық 1-4 сыныптарында наурыз айынан бастап оқу жылының соңына дейін коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты қашықтан оқытуды ұйымдастырылған. Ал, 2020-2021 оқу жылының басынан бастап кезекші сыныптар мектепте ашылып оқытылған.Мектепте оқыған кезекші класс саны-7, он-лайн режимінде -9класс.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсаты білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын мұғалімнің күнтізбелік – тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары арқылы тексеріп, класс журналына түсірілуін, сағат санының сәйкес болуын тексерген. Бақылау барысында тексерілген құжаттар мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары, күнделікті сабақ жоспары сай жүргізілген.

Мектепішілік бақылау жұмысының жоспарына сай 1-11 сыныптарында негізгі пәндерінің оқытылуы жағдайына негізгі пәндерден бақылау жүргізілген.Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі жақсы жақтар мен жіберілген кемшіліктер айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспары, kz журналы тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмаған.Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Тақырыптар жазылған, ұпайлары қойылған, үй тапсырмалары берілген.

2017-2018 оқу жылында 5, 7 -сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшкен. 6, 8-11 -сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылған. 5,7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылған.

2018-2019 оқу жылында 9,10-11 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылған.
5,6,7,8-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылған.
2019-2020 оқу жылында 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша, ал 11-сыныптар 2013 жылы3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен білім алған.
Жұмыс оқу жоспарының инвариантық оқу жүктемесі барлық кластарда нақты сақталған. 2021-2022 оқу жылында 5 - 10 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен, 11-сынып Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған. - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада «Бағалау қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 599 бұйрығына сәйкес.
Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдстырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар орындалған.
Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны толық игерілген.

1.4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Талдау нәтижесі:

2017-2018 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы «№3Хромтау орта мектебі» КММ -де тәрбие жұмысын ұйымдастыруда Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды , 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламалары негізге алып жүргізілген.
Тәрбие орынбасарының сынып жетекшісінің анықтамалық журналы, тәрбие жұмысына қатысты оқулықтар мен әдістемелік құралдармен, нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілген.
2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты мен еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыадамзаттық біріктіруші

мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарын басшылыққа алған.
2017-2018 оқу жылындағы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді жүзеге асыру мақсатында жұмыс жоспары құрылған.
Тәрбие жұмысының мақсаты:
Мемлекетіміздің патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына , мәдениеті , парасаты , ар-ожданы мол, еңбекқор , рухани-адамгершілік қасиеті жоғары , білімді азаматтар тәрбиелеуге жағдай жасау. Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 9 бағытқа сәйкес жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілген.
Тәрбиенің жылдық жұмысын жүзеге асыру мақсатында төмендегідей міндеттер алға қойылған :
1.Оқушылардың оқу-тәрбие үдерісінде тұлғалық және кәсіби қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытуға , қоғамдық өмірге белсене араласу тәжірибесі мен іскерлік дағдысын қалыптастыруға жағдай тудыру;
2.Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуді қамтамасыз етуде олардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру шараларын ұйымдастыру;
3.Оқушылардың құқықтық нормалар және заңның талаптарына сәйкес өзінің құқықтық білімін күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайдалана білу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;
4.Балалар арасында өз бойындағы жағымды қасиеттерді жетілдіруге , жағымсыз әрекеттерге , заң бұзушылық болған жағдайда қарсы тұруға психологиялық дайын болуын қалыптастыруға үйрету;
5.Мектеп оқушыларының денсаулықты сақтау және нығайту мәселелері бойынша ақпараттандыру деңгейін көтеру.
Тәрбие бағыты бойынша негізгі мәселелер кеңестерде қаралып, шешім қабылданған, хаттама жазылып, анықтамалары қоса тігілген.
Қаралған мәселе тақырыбы:
-«Мектептегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда патриоттық клубтарға , үйірмелер мен секцияларға тарту жұмыстарын ұйымдастыру»;
-«Патриоттық тәрбие -азаматтық сезімді қалыптастырып, дамыту: жалпыұлттық патриоттық идеясы және оның құндылықтарын оқу тәрбие үдерісіне енгізу жұмыстары»
-«Есептегі және мектепішілік тәуекел тобындағы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары»
-«Мектеп оқушыларының құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру жолдары»
-«Мектепте жаз мезгілінде ұйымдастырылатын жұмыстар»
Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінде қаралған мәселелер:
-Оқушылардың сабаққа қатысымы .
-«Түнгі қала» рейд жұмысының қорытындысы қаралып, талқыланды.

Мерзімі	Жұмыс мазмұны
Қыркүйек	№3Хромтау орта мектебінің кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды.
Қазан	1.Оқушылардың сабаққа қатысымы . 2. «Түнгі қала» рейд жұмысының қорытындысы қаралып, талқыланды.
Қараша	1.Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы -адам құқығы» атты республикалық онкүндіктің жұмысы қорытындыланып, есебі тыңдалды.

Сәуір	1.«Зорлық-зомбылықсыз үй» акциясы аясында өткен онкүндіктің жұмысы қорытындыланып, есебі тыңдалды.
Мамыр	1.«Жасөспірімдердің жауапкершілігі және олардың құқықтары» 2.Келесі оқу жылына құрылған жұмыс жоспармен таныстыру

Ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселесін қарау:

Мерзімі	Қаралған мәселе тақырыбы
2017 ж қараша	1.«Жастар мен жасөспірімдердің діни теріс ағымдарды қабылдамауын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысы» -ДТІЖО 2. Құқықбұзушылықтың баптарын ата-аналар назарына жеткізді. Мектеп инспекторы Бекешов Р.С. 3. «Жасөспірімдердің өтпелі кезеңдегі өзгерістері» туралы айтып, ата-аналармен тренингтер жүргізді. - мектеп психологы А.Алмағамбетова
2018 ж ақпан	«Отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі туралы» тақырыбында ата-аналарға арналған жалпы мектепішілік жиналыс өткізілді.
2018 ж Сәуір	«Зорлық-зомбылықсыз үй» акциясы аясында «Балаға зорлық-зомбылық көрсетпейік!» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларының ата-аналарына аға тәлімгер Д.Е.Иманбаева дөңгелек үстел өткізді.

2017-2018 оқу жылында мектеп директорының 2017ж қыркүйек , №108 бұйрығы негізінде сынып жетекшілерінің бірлестігі құрылып, жетекшілер тағайындалған.

Барлық сынып жетекші	44	Білімі бойынша		Санаты бойынша		Еңбек өтілі бойынша	
Мектепалды даярлық тобы	5	Жоғары	29	жоғарғы санатты	6	1жыл	4
бастауыш сынып жетекшілері	19	Арнаулы орта	15	Бірінші санатты	12	3-5 жыл	9
орта және жоғары буын сынып жетекшілері	20			екінші санатты Санаты жоқ	15 11	6-20 жыл 20ж жоғары	15 16

Мектептің өзін-өзі басқару бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, президент пен парламент мүшелері 8 фракцияға бір оқу жылы мерзіміне сайланған. «Жас Ұлан» балалар ұйымының көшбасшыларының отырысы жоспарлы өткізілген.

16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» ұйымына 5-сынып оқушыларынан барлығы-107, «Жас Қыран» ұйымына 1-сынып оқушыларынан барлығы-115 оқушы қабылданған. Ұйымның тарапынан атқарылған жұмыстар,

іс -шараның өткізілгендігі туралы анықтама жазылған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облысымыздың киелі орындарына ата-аналардың демеушілігімен мектеп оқушылары саяхат жасаған. Алға ауданындағы Есет батыр кесенесіне -100 оқушы, Түркістан қаласына 20 оқушы, Қобда ауданы Байтақ баба кесенесі мен «Әлия» мұражайына 140 оқушы, Хромтау аудандық өлкетану мұражайының ұйымдастыруымен Бөгетсай ауылының «Көмбетас» өңіріне 20 оқушы жіберілген.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие тұжырымдамасының негізгі 9 бағыты бойынша білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін , жылдық жұмыс жоспарға сай сабақтан тыс іс-әрекеттер ұйымдастырылған.

Жылдық жоспар негізінде төмендегідей бағыттарда танымдық іс-шаралар өткізілген:
1-Желтоқсан Тұңғыш президент күніне орай «Кеменгер Елбасы -ырысы елімнің» , «Елбасы мәртебесі-ел мәртебесі», «Менің елім-Қазақстан» , «Тұңғыш Президент - мемлекет көшбасшысы» ,1-желтоқсан дүниежүзілік СПИД ке қарсы күнге «Есірткі мен СПИД/ВИЧ-тің ауруының алдын алу», «Өлім мен өмір»,«Мен СПИД-сіз өмірді қалаймын», «Нашақорлықсыз болашақ».1-қазан қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»,1-Наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғыс білдіремін...» «Қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрлері » , «Қазақстан -бірлік пен татулық мекені» , «Мен алғыс айтамын!» 22-Наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай сынып сағаттары, мерекелік концерттік бағдарламалар жоспарға сай өткізілген. «Наурыз-думан» , «Салт -дәстүрім-асыл қазынам» , «Той төресі- Әз Наурыз!» , «Ата -баба мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» «Ғасырлардан жеткен жаңғырық» «Отбасы-рухани жаңғыру негізі» , «Отбасы-алтын діңгек», «Менің отбасым», «Әке беделі-ұлт абыройы» , «Әкеге тағзым», «Әкемнің мамандығы» , «Әкеден қалған бір өнер» ,«Менің әкеммен өткізген қызықты сәттерім» ,«Әкешім -бәйтерегім» «Ұяда не көрсең» атты отбасы сайысы , «Ақ жүрек әке-күншуақ, ақ жүрек ана -ақбұлақ», «Әке-білек, саусағы-балалары » «Дүниежүзілік дұрыс тамақтану» , «Ең үздік аспазшы» «Тәттілер күнін» , «Ұстаз болу жүректің батырлығы» ,«Ұстазым менің , ұстазым!» , 2018 жылдың 10 ақпанында Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 29 жыл толуына орай «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» атты кездесу кеші,«XXI ғасыр көшбасшысы».
Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2017 жылдың 7 тамыз күнгі №141/2 шығыс хаты негізінде «Инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың профилактикасы және олардың алдын алу» бойынша әлеуметтік жұмылдырудың кейбір мәселелері туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында 2017 жылдың қыркүйек айында мектептен Баубековтар отбасы «Денсаулық фестивалі-2017» атты акциясына қатыстырылған.
2017 жылы 18-қазан күні Денсаулық сауықтыру кешенінде «Қазақстан Республикасы Полициясына 25 жыл» толуына байланысты өткізілген спорттық жарыста №3Хромтау орта мектебінің 7-сынып оқушылары Дощанова Г, Киматаева Д, Мұрат Т, Серік Р, Туралин Е және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тоқмұрат М мектеп инспекторы мен ата -ана Бримжанов Н.К. белсенділік танытып жүлделі – I орын иеленген.
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық құжаттың «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» 1 бөлімінде тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттың бірі «Туған жер» бағдарламасы. Осы бағдарлама аясында Туған жерге тағзым Түлек KZ акциялары бойынша жұмыстар жүргізілген.
2017-2018 оқу жылындағы түлектері музыкалық орталық пен тігін машинасын тарту еткен. Кәсіпкер Е.Бектібаев мектеп асханасына жөндеу жұмысын , К.Жанұзақов акт залына жылыту құбырын жүргізген.
2018-2019 оқу жылында тәрбие жұмысы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» басшылыққа алынып жасалған. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды, 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасын негізге ала отырып жұмыс жасайды. Тәрбие беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін республикадағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
Қазақстан Республикасының «Балалар құқықтары туралы» Заңы;
Тәрбие жұмысы жөніндегі мәселелер кеңестерде қаралған :
2018 жылы тамыз айы мектеп директоры жанындағы кеңесте «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру;
2018 жылы қыркүйек айы мектеп директоры жанындағы кеңесте «Мөлтек аудан бойынша балаларды мектепке қамту жағдайы бойынша есеп беру; мектептегі жекеленген санаттағы білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы «Мектепке жол» акциясының қорытындысы;
2018 жылы қараша мектеп директоры жанындағы кеңесте мектептегі «Қызғалдақтар» қыздар клубының жұмысы
2018 жылы қараша айы педагогикалық кеңесте «Рухани жаңғыру – рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім мен ғылымға мән беретін маңызды үдеріс»;
2018 жылы желтоқсан айы мектеп директоры жанындағы кеңесте «Оқушылардың сабаққа қатысымын талдау»;
2018 жылы қаңтар айы педагогикалық кеңесте «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы-серіктестер»;
2018 жылы наурыз айы педагогикалық кеңесте «Мектептегі білім беру жүйесіне отбасы құндылықтарды енгізу арқылы мектеп, отбасы және қоғам арасында үйлесімділік қарым-қатынасын орнату жолдары»;
2019 жылы қаңтар айы мектеп директоры жанындағы кеңесте «Есептегі және мектепішілік тәуекел тобындағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру»;
2019 жылы мамыр айы мектеп директоры жанындағы кеңесте «Он маржан» бағдарламасының қорытындысы қаралған.
Әдістемелік сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері 2018ж 05 қыркүйек №103/1 Н/Қ бойынша тағайындалған , сынып жетекшілермен жүргізілетін жылдық жоспары құрылып, уақытылы жоспарға сай жұмыстар жүргізілген.
2018-2019 оқу жылы бойынша класс жетекшілердің сапалық құрамы:

Барлық сынып жетекші	*44*	*Білімі бойынша*		*Санаты бойынша*		*Еңбек өтілі бойынша*	
Мектепалды даярлық тобы	4	Жоғары	29	Педагог-зерттеуші	6	1 жыл	4
бастауыш сынып жетекшілері	18	Арнаулы орта	15	Педагог-сарапшы	12	3 жыл 3-5 жыл	5 4
орта және жоғары буын сынып жетекшілері	22			Педагог-модератор Педагог	15 11	6-20 жыл 20ж жоғары	15 16

2018-2019 оқу жылында республикадағы жалпы білім беру мектептерінде балаларды тәрбиелеу жұмысы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру мақсатында тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына сәйкес жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілген:

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие

Құқықтық білім берудің маңызды міндеті - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау. Оқыту мен тәуекел факторларының, түзету-

ағарту жұмыстарының, жасөспірімдердің мектептен бос уақытында жұмысқа орналасуын қамтамасыз етудегі проблемаларды анықтау диагностикасын қамтуы тиіс.
Балалардың азаматтық-құқықтық нормаларын сақтауға жауапты ата-аналар, сонымен қатар, олардың құқықтық мәдениетін жетілдіру үшін жұмыспен қамтуы тиіс. Әдетте тәрбиелік іс-шараларға қатысудан тартынатын «қиын» балалардың ата-аналары ерекше санатта тұрады. Мұнда жекелеген жұмыстармен қатар, отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, отбасылық мәртебені көтеруге бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастырудың маңызы зор.

Азаматтарды жоғары деңгейде патриоттық сезімді, өзінің елін мақтан тұтуды , азаматтық борышын орындауға тәрбиелеу мақсатында «Бүгін патриот болу нені білдіреді?» , «Туған қаланың көшелері» , «Егер мен президент болсам», «Достық әнін шырқайық» ,«Бір шаңырақ астында» атты тақырыптарды басшылыққа ала отырып , танымдық іс-шаралар, тәрбие сағаттары өткізілген.

14 желтоқсан күні Ақтөбе қаласының сыртында орналасқан «Әсем» лагерінде өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілікке және патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілген, облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың қатысуымен өткен Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиынына 5 «А» класс оқушылары қатыстырылған.

Аудандық «Жемқорлықсыз -болашақ» атты 9-11 сынып оқушыларына арналған олимпиада 9б класс оқушысы Бозғұлан М- III орын , жетекшісі- Баймуратова Г.А.

2.Рухани-адамгершілік тәрбие

Балаларды рухани-адамгершілік сананы және айналадағы адамдармен мәдени - тарихи құндылықтарды әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді көп ұлтты Қазақстан халқына қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілген:

«Ұстаздарға мың алғыс» тақырыбында концерттік бағдарлама;

1-қазан Қарттар күніне орай өткізілген «Қарттарым, асыл қазынам» атты кездесу кешіне мектеп ардагер ұстаздары қонаққа шақырылған.

1-Наурыз – Алғыс айту күніне орай іс-шара жоспары құрылған, жоспарға сай жұмыстар жүргізіліп, мектептің инстаграмм парақшасына жарияланып отырған.

8-Наурыз Халықаралық Әйелдер күніне орай «Мейірім анадан» атты кездесу ;

11 сынып оқушылары «Наурыз айы туғанда» атты мерекелік шара ұйымдастырған.

3.Ұлттық тәрбие

Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбиелік мәні жоғары іс-шаралар ұйымдастырылған. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына орай 1-2 сыныптар арасында «Наурыз-думан», 3-4, 5-7 сыныптар арасында «Салт-дәстүрім-асыл қазынам», 8-10 сыныптар арасында «Наурызым – дәстүрлі ізгілігім» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары өткізілген. «Ғасырлардан жеткен жаңғырық» тақырыбында мектеп кітапханашысы Талтанова А.А кітап көрмесін ұйымдастырған.

4.Отбасы тәрбиесі

Қоғамдағы отбасының ролін жоғарылату , жастар арасында отбасы құндылықтары насихаттау және отбасылық тәрбиені білім жүйесіне үздіксіз іс-әрекет ретінде енгізу мақсатында мектеп оқушылары мен сынып жетекшілер , ата-аналар бірлескен іс-шаралар өткізген. Отбасы тәрбиесі бойынша алдымен оқушылардың отбасыларын зерттеу жұмысы жүргізіліп, сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынған.

Мектеп психологы оқу жылының басында «Отбасындағы ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынас сипатын анықтау мақсатында сауалнама жүргізген.

4-10 сыныптар арасында «Әке – отбасы тірегі», «Әке-асқар тау», «Әке-шаңырақтың негізгі тірегі» тақырыптарында тәрбие сағаттары, 2-10 сыныптар арасында «Әкеден

қалған бір өнер» әке мен баланың бірге жасаған қолөнер бұйымдарының байқауы өткізілген. Байқауда үздік жасалынған бұйымдар марапатталған.

«Бақытты отбасы» атты сэлфи байқауы өткізілген. Сэлфи байқауының мақсаты: отбасы арасындағы ынтымақ-бірлікті насихаттау. «Мен отбасымды мақтан тұтамын» атты фотоконкурс ұйымдастырылған.

5. Еңбек,экономикалық және экологошялық тәрбие бағытындағы іс-шаралар

Өмірдің ең маңызды саласы ретінде еңбекке баулу шығармашылықпен жұмыс жасауға бағыттау , жинақтаған білімді іс жүзінде қолдануға ұмтылу. Жоғары сынып оқушылары «Таза қала» акциясына қатысқан .

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Жалпы адами қасиеттердің негізінде көпмәдени тұлғаны қалыптастыру , оның ішінде өзара түсіністік, татулық, сыйластық қоршаған ортамен өнімді қызмет ету.

«Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты балалар мен жасөспірімдер арасындағы Алматы қаласында өткен Республикалық ән байқауы «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша жүлделі орын алған оқушылар:

Нсаналы Б- Бас жүлде, Тельман Н-II орын . «Ұлы дала дауысы» I Республикалық фестиваль байқауында вокал номинациясы бойынша-Бас жүлде 1б класс оқушысы Нсаналы Б. Жетекшісі –Бодыкова Ж.Т

«Жұлдызыңды жарқырат» Республикалық қашықтықтан өткізілген интернет байқауына қатысқан оқушылар: 4а кл Хисман С-I д/д ,3б кл Нсаналы Б -I д/д, 1ә кл Серік А -II д/д , жетекшісі Бодыкова Ж.Т.

7. Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Кәсіби қызметті тиімді басқару мен дамуы арқылы елімізде ұлттық зияткерліктің қалыптасу қызметіне жағдай жасау. Осы бағытта «Талант және кеменгерлік» , «Мен және менің қабілеттерім» , «Шығармашылық жұмыстарды қорғау» тақырыптарын қамти отырып, сыныптан тыс танымдық іс-шаралар өткізілген.

8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты

«Мәңгілік Ел» - еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпы азаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама болып табылады. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын жүзеге асыру барысында мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтері жүргізген жұмыс нәтижесі.Үйірмелер мен спорттық секциялар тәрбие процесінде баланың таным көкжиегі мен мәдениетін кеңейтеді, патриот азаматты қалыптастырады, тұлғаны өзін-өзін танытуға ықпал ететін педагогикалық күш –қуат, әлеует болып табылады. Осы бағытты жүзеге асыру мақсатында мектеп директорының «Үйірме жетекшілерін тағайындау» 2018жыл 03.09. Бұйрық №108 Ж/Қ бойынша төмендегі үйірмелер жүргізілген. «Волейбол» -20 оқушы Бримжанов Н.Қ,«Теннис»- 15 оқушы Жұмабаев С.М, «Тоғызқұмалақ» -15 оқушы Сермағамбетова Г.А,«Би» -25 оқушы Қартбаева И , «Дебат» -15 оқушы Ниязова ААудандық оқушылар спартакидасы «Үстел тениисі» 9 а кл Сағын Н- Іорын, 10 кл Рустемова Н -II орын . Волейбол жарысына қатысқан -14 оқушы- III орын иеленген. Эстафеталық сайыс-7 оқушы -II орын, Призиденттік көп сайыс -екі оқушы -I, II орын, «Бес тас» аудандық сайыста -екі оқушы-I орын, Облыстық кезең-II орын.

Футбол аудандық кезең -I орын, облыстық кезең-III орын. Автоматты жинау аудандық кезең- III оры. Әскери кросс -аудандық кезең-II орын, Облыстық кезең-II орын.

9.Қоршаған орта өзін-өзі оңтайлы көшбасшылық тәрбиесі

Қоршаған ортаны , өзін-өзі оңтайлы қабылдай алатын өскелең ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Бәрі өз қолымызда» , «Білемін, қолымнан келеді, жүзеге асырамын» тақырыбында сыныптан тыс шаралар мен тәрбие сағаттары ұйымдастырылған.

2011 жылы 11 ақпанда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жас Ұлан» бірыңғай қозғалысы мен «Жас қыран» балалар ұйымының жаңа жүйесін жұмысын жалғастыру мақсатында 20 қыркүйек күні №3 Хромтау орта мектебінде «Өзін өзі басқару ұйымының» кезекті сайлауы өткізілген , сайлау шешімі бойынша ұйым мүшелерінің белсенділері сайланған. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай, оқушыларды «Жас Қыран, Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі өткізілген. «Жас Қыран» ұйымына 1- сыныптардан – 115 оқушы , «Жас Ұлан» ұйымына-сыныптардан-107оқушы қабылданған.

1-4-сыныптарда «Жол қозғалыстарының ережесі» оқу курсының мазмұны сынып сағаттарының есебінен – әр сыныпта 6 сағаттан; 5-8-сыныптарда бұл оқу курсы сабақтан тыс уақытта сынып сағаттары мен факультативтер есебінен – әр сыныпта 10 сағаттан өткізілген. Қыркүйек айының 12-18 аралығында «Назар аударыңыз, бағдаршам» атты онкүндіктің жоспары жасалынып, «Жол ережесін әркайсы білуі қажет!» атты 1-11 оқушыларына тәрбие сағаттары , 3-4 сынып оқушыларына «Назар сал, бағдаршам» атты сурет байқауы, 5-7 сынып оқушылары арасында мектеп медбикесі Б.Б.Утетлеуова «Балалардың жол-көлік жарақатын алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел , 6-7 сыныптар арасында «Веложүгіру» сайысы ұйымдастырылған. Ұйымдастырылған шаралар уақытылы , талапқа сай өткізілген. Қорытындысында онкүндікке белсенділік танытқан оқушылар марапатталған .

«Туған жерге тағзым», «Түлек kz» акциялары бойынша жүргізілген жұмыстар

2018-2019 оқу жылында «Түлек.kz» бағдарламасы бойынша мектеп түлектер тарапынан мектепке материалдық көмек берілген.

№	Көмек түрі	Берілген сомасы	Демеуші	Жылы
1	АКТ залына жалюзи	120.000	2013 ж. түлектер	2018 қыркүйек
2	Құрылыс жабдықтары	100.000	2005 ж. түлектер	2018 қазан
3	Теледидар	80.000	2019 ж. түлектер	2019 наурыз
4	Проектор	120.000	2019 ж. түлектер	2019 наурыз

2019-2020 оқу жылы тәрбие жұмысының 2019-2020 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамасын негізге ала отырып жұмыс жасаған.

Тәрбиенің мазмұны:

Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылғандықтан, білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы.

тәрбие жұмысының мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, зерттей білетін дағдылары, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- ✓ ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- ✓ жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- ✓ еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасытру;
- ✓ отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;

Тәрбие бағыты бойынша негізгі мәселелер педагогикалық және мектеп директоры жанындағы кеңестерде жоспарлы , уақытылы қаралған.

2019 жылы тамыз айы «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру;

2019ж Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуы «Мектепке жол» акциясынын ұйымдастыру

2019ж Жалпыға бірдей білім беру бойынша балаларды мектепке тарту айлығының қорытындысы

2019ж 1.Мектептегі қыз балалар тәрбиесін жұмысының жүргізілу жағдайы

2.Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары

2019 жылы қараша айы педагогикалық кеңесте «Рухани жаңғыру – рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім мен ғылымға мән беретін маңызды үдеріс»;

2019 жылы желтоқсан айы «Оқушылардың сабаққа қатысымын талдау»;

2020 жылы қаңтар айы «Есептегі және мектепішілік тәуекел тобындағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру»;

2020 жылы мамыр айы «Он маржан» бағдарламасының қорытындысын бекіту.

2019 жылы қаңтар айы педагогикалық кеңесте «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы-серіктестер»;

2020 жылы наурыз айы педагогикалық кеңесте «Мектептегі білім беру жүйесіне отбасы құндылықтарды енгізу арқылы мектеп, отбасы және қоғам арасында үйлесімділік қарым-қатынасын орнату жолдары»

Алдын алу кеңесінде келесі мәселелер қаралған:№3 Хромтау орта мектебінің кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалған.

Қазан айындағы кезекті отырыста оқушылардың сабаққа қатысымы, «Түнгі қала» рейд жұмысының қорытындысы қаралған.

Қараша айындағы отырыста Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» атты республикалық онкүндіктің жұмысы қорытындыланған.

Сәуір айында «Зорлық-зомбылықсыз үй» акциясы аясында өткен онкүндіктің жұмысы қаралған.Мамыр айында «Жасөспірімдердің жауапкершілігі және олардың құқықтары» тақырыбында құқық қорғау органдарымен бірлесіп дөңгелек үстел

өткізілген, атқарылған жұмыстарға талдама жүргізілген. Келесі оқу жылына жұмыс жоспары құрылған.

Ата-аналар жиналысында қаралған мәселелер:

2019 жылы қыркүйек айында ата –аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы жоспарлы уақытылы өткізілген.

Қыркүйек айы : «Мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздік ережесі, мектеп формасы, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу».

«Бала тәрбиесі- баршаға ортақ» тақырыбында мектеп психологы Култаева А.А баяндама оқыған.2019 жылдың 21 қараша Хромтау аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің жоспарына сәйкес «Отбасы- мектеп- бала- ажырамас үштік» тақырыбында Ашық есік күні және бірыңғай жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткен, қатысқан ата-ана саны-211. Ата-аналар жиналысына қатысушылар: Аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Биржанов Р.А, Қамқоршылық кеңес төрайымы Кеукенова Г. Н, қамқоршылық кеңес мүшесі Ситекенов О.

Желтоқсан айы «Жастар мен жасөспірімдердің діни теріс ағымдарды қабылдамауын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысы»

Мектеп психологы: Култаева А.А «Жасөспірімдердің өтпелі кезеңдегі өзгерістері» туралы ой бөліскен. Мектеп инспекторы әкімшілік құқықбұзушылықтың баптарымен ата-аналарды таныстырған.

2020 жылдың 20 ақпан Жаңартылған білім мазмұны, 9- сыныптардың қорытынды аттестаттаудан өткізу өзгерістерімен ата-аналарды таныстыру, үйірме секция жетекшілерінің есебі, оқушыларды теріс сайттардан қадағалау;

Мектептің өзін-өзі басқару жұмысының бар болуы және тиімділігі:

Білім алушылар үшін өзін-өзі басқару – ол бос уақытын тиімді және үнемді пайдалану, құқығын және мүддесін қорғау, жаңа бастамаларына қолдау мен дамытудағы көмек. Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту үнемі әлеуметтік жауаптылықты кеңейтуді, өмірінде кездесетін мәселелерді шешуге көмектесетіндігін жасұрпаққа ұғындыра отырып, жұмыс жоспарлы түрде жүргізілген.

23 қыркүйек күні №3 Хромтау орта мектебінде «Өзін өзі басқару ұйымының» кезекті сайлауы өткізілген, сайлау шешімі бойынша ұйым мүшелерінің белсенділері тағайындалған.

12-желтоқсан күні «16 –желтоқсан Тәуелсіздік күніне» орай, оқушыларды «Жас Қыран, Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі өткізілді. «Жас Қыран» ұйымына мектебіміздің 2- сынып оқушыларынан барлығы – 140 оқушы , «Жас Ұлан» ұйымына 5 -сынып оқушыларынан барлығы- 98 оқушы қабылданған.

1-қыркүйек алғашқы қоңырау күніне орай «Сыңғырла, күміс қоңырау!» атты салтанатты жиынға мектептің ардагер ұстаздары Ә.Б. Буркуталиева, А.Ж. Утебаева қатысқан. Салтанатты жиыннан кейін мектеп оқушыларына «Саналы ұрпақ –жарқын болашақ» атты тәрбие сағаттары өткізілген.

Сынып жетекшілермен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары құрылып, бірлестік отырыстары және семинарлар жоспарға сай ұйымдастырылған.

2019-2020 оқу жылы бойынша класс жетекшілерінің сапалық құрамы.

Барлық сынып жетекші	44	Білімі бойынша		Санаты бойынша		Еңбек өтілі бойынша	
Мектепалды даярлық тобы	4	Жоғары	34	жоғары санатты	8	1жыл	2
бастауыш сынып жетекшілері	18	Арнаулы орта	10	Бірінші санатты	10	3-5 жыл	3
орта және жоғары буын сынып жетекшілері	22			екінші санатты	19	6-20 жыл 20ж жоғары	21 14

				Санаты жоқ	7		

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру (оқушылардың денсаулығы және олардың әртүрлі спорттық- сауықтыру қызмет түрлерімен қамтылуы, валеологиялық қызмет жұмысы)Қараша айында 8-11 класс оқушыларына волейбол сайысы ережеге сәйкес жүргізілген. Мектепішілік 8-11 кластар аралығында Тоғызқұмалақ жарысы өткізілген , Мұрат Н- I орын, Тәуекелова Д -II орын,Орысбек Б,Қадырова Н-, Жаңбырбай Н, Туралина А -III орын иеленген. 23 желтоқсанда мектеп оқушыларының қатысуымен спорттық эстафеталық сайыс өткізілген. Эстафетаға мектеп ұжымы, білім алушылар, №3 бөбекжай балабақшасы ұжымы қатыстырылған. Спорттық іс шараға аудан әкімінің орынбасары

М.О. Қосымбаева, Аудандық білім бөлімінің басшысы Р.А. Биржанов қатысқан.

13 ақпан күні Аудандық аурухана орталығынан медбике Калжанова А мектеп оқушыларына «Короновирус» ауруының алдын алу мақсатында дәріс сабақ өткізген. Оқушыларға жадынамалар таратып, күнделікті тазалықты сақтап, қолды үнемі жуып жүру, бөлмені желдетіп отыру, адамдар көп жиналған жерлерге бармау, бір жерде

3-5 адам болып шоғырланбау, санитарлық талаптарды орындау керектігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

«СПИД, нашақорлық-өз тағдырына балта шабу» тақырыбында іс-шаралар жоспары құрылған. "Ғасыр індетінен сақтанайық" тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, мектеп медбикесі «ЖҚТБ-ны қалай анықтауға болады?» тақырыбында 6 сынып оқушыларына дәріс өткізген. 10 класс оқушылары арасында "ЖҚТБ ғасыр дерті" тақырыбында дөңгелек үстел және барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілген.

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына сәйкес жылдық жұмыс жоспары құрылған:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие

Қыркүйек айында Аудандық білім бөлімінің әдіскері Маратова С.Ж қатысуымен Жалпы республикалық Адалдық сағаты өткізілген.

АӘД пәні мұғалімі Тоқмұрат М 8-10 сыныптар аралығында 7 кезең бойынша әскери патриоттық сайыс ұйымдастырылған нәтижесінде 8 сынып -1 орын,

10 сынып - 2 орын, 9 сынып -3 орын иеленген.

27-қараша күні 1-11 сыныптар аралығында «Елін сүйген Елбасы» атты Тұңғыш Президент күніне арналған тәрбие сағаттары өткізілген.

9 желтоқсан –Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай бірыңғай адалдық сағаты өткізілген, іс-шараға қамқоршылық кеңес мүшесі Хромтау ауданының тарихи-өлкетану мұражайының басшысы Аманғалиева Н.Ж , Аудандық орталық ауруханадан Қалжанова А.Ж қатысқан.

16 желтоқсан мерекесінде «Менің елім –Қазақстан» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып. «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында салтанатты жиын өткізілген.

«12 сәуір – ғарышкерлер күні» мерекесіне орай оқушыларға қашықтықтан Ақтөбе облысы планетарийінің қызметкерлері Масинова А, Комытова И, Қаржаубаева А, Бисембаева М, Амангалиева Ш - «Күн жүйесіндегі кіші ғаламшар», «Ғарышты бағындырған Қазақстандық ғарышкерлер», «Адамзаттың ғарышты игеру дәуірі», «Жер – таңғажайып ғаламшар» тақырыбында онлайн режимде танымдық сабақтар өткізген. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты іс – шара жоспары жасалып, бекітілген.
20 қараша дүниежүзілік балалардың құқығын қорғау күніне орай 7-сыныптар арасында дәріс сабақ, 9 сынып оқушыларына мектеп психологы : Култаева А.А «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг өткізген.
1-11 сыныптар аралығында "Бақытты балалық шақ" тақырыбында қабырға газеті байқауы ұйымдастырылған. Бүгінгі және болашақ: әр бала үшін қорғаныс қамтамасыз етілген балалық шақ тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өткізілген.

Рухани-адамгершілік тәрбие

1- қазан күні «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында мектеп ардагер ұстаздары: Ситекенов О, Буркуталина А.Б , Утебаева А.Р. кездесу кеші өткізілген. 1-6 сыныптар аралығында қабырға газеттері шығарылып, барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілген.
«1 наурыз – Алғыс айту» күніне орай іс-шара жоспары құрылып, бекітілген.
Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған мерекелік шараға балалар үйінің тәрбиеленушілері келіп, іс шараға қатысқан балаларға мерекелік сыйлықтар табысталған. Жоғары сынып оқушыларының 6 -наурыз күні халықаралық әйелдер мерекесі күніне орай «Аяулы, асыл жандар» концерттік бағдарлама өткізілген.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша

Ұлттық дәстүрді ұлықтап, ұлттық сананы жаңғырту аясында 10 қазан күні қыз балаларды шеберлікке баулу, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында технология пәні мұғалімі Жиенқұл Г.Р 6 -7 сынып қыз балалары арасында «Шебер қолдар» атты тоқыма сайысы, 11 қазан күні мектеп психологі Култаева А.А ұйымдастыруымен 7-8 сынып қыз балалары арасында «Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. 8 наурыз мерекесіне орай Аудандық «Асыл әжелер» сайысына 4 «ә» сынып оқушысы Төрәлі Дильназдың әжесі Бажирова Үмітжан әже мектеп атынан қатысып, «Бас жүлде» иеленген.
«Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» онкүндігі аясында оқушыларға елімізде өмір сүріп жатқан ұлттардың тарихын, салт дәстүрін таныстыру мақсатында мектеп кітапханашысы Талтанова А.А кітап көрмесін ұйымдастырған.

Отбасы тәрбиесі

Отбасылық тәрбие бағытында 9-13 қыркүйек аралығында "Отбасы бақыт мекені" тақырыбында апталық жоспары құрылып, жоспарға сай сыныптан тыс шаралар, отбасының құндылықтарын түсіндіру мақсатында «Отбасы-Отанымыздың ошағы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. Оқушылар дайындаған "Менің отбасым" бейнероликтерін инстаграмм парақшасына жариялаған. 9-10 сынып оқушылары «Ата-ананы құрметтеу- әрбір адамның қасиетті борышы» тақырыбында шығарма жазған, «Отбасым – Алтын ұям» тақырыбында онлайн сурет байқауы ұйымдастырылған.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Ақпан айында «100 кітап» жобасы аясында Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абайдың қара сөзі - тәрбие көзі» тақырыбында өткізілген аудандық мәнерлеп оқу сайысына «Көркем сөз шебері номинациясы бойынша» Сұлтанкерей Д , Омарова Н қатысып, жүлделі орындар иеленген.

Ф.Оңғарсынованың 80 жылдығына орай «Поэзия ханшайымы – Фариза» атты жыр байқауы мектеп кітапханшысы Талтанова А.А ұйымдастыруымен өткізілген, оқушылар ақынның «Ана», «Мол арман», «Жұрт мені қатал дейді» т.б. өлеңдерін жатқа оқыған, үздік деп танылған оқушылар марапатталған.

«1 мамыр – бірлік күні» мерекесін өткізуге жұмыс жоспары құрылып, өткізілген іс-шаралар уақытылы мектептегі әлеуметтік желіге жарияланған.

Аудан мектептері арасында «Достық» эстафетасы өткізілген, 5 «б», 6 «ә», 9 «ә» сынып оқушылары белсенділік танытқан . Мектептің /hssh3m/ инстаграмм парақшасына салынған. 1-11 сыныптар аралығында «Бірлігіміз жарасқан елміз» тақырыбында онлайн тәрбие сағаттары өткізілген.

«9 мамыр – жеңіс күні» мерекесіне іс шаралар жоспарға сай өткізілген. 6- мамыр күні мектеп атынан 7«а» сынып оқушылары құттықтау эстафетасын жолдаған, 1-11 сыныптарға бірыңғай онлайн сабақтар, 1-4 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілген.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие Аудандық «Стань звездой» байқауына қатысқан 2б класс оқушысы Нсаналы Балым- I орын , 6а класс оқушысы Тельман Нұржауған -I орын иеленген. Жетекшісі , Бодыкова Ж.Т. Ақтөбе-Дарын ҒТО ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздікке тарту» Мәнерлеп оқу байқауына 1 «а» класс оқушысы Жұмағали Аруана қатысып, «Ең сүйкімді қатысушы» номинациясын иеленген. Жетекшісі, Алмағамбетова Л.М.«Абай Құнанбайұлының 175 жыл толуына орай» Мектептен тыс білім беру орталығы мен Аудандық мәдениет үйінің бірлесе ұйымдастыруымен өткізілген «Өлең сөздің патшасы» қалалық мектеп оқушылары арасында поэтейшн-батлына қатысып 6 «Ә»-сынып оқушысы Аманғос Н- III орын иеленген , жетекшісі –Махмудова А.А.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты

Жалпы білім беру ұйымдарында мектеп спорт лигаларының желісін кеңейту және спорт түрлері бойынша арнайы спорттық секциялар ашу мақсатында үйірме жетекшілерін тағайындау 2019ж 03.09.№133/1 Ж/Қ негізінде «Волейбол» , «Асық»,«Тоғызқұмалақ» , «Баскетбол» , «Шағын футбол» , «Теннис» үйірмелері ұйымдастырылды. Жастар ресурсы ұйымдастырған «Әскери жарыс» Сарсеков Б , Муфтиев Д , Қазбек Д , Улмагамбетова А ,Ибрагимова К ,Сагинбаев А -I орын және Баскетбол жарысы Муфтиев Д, Шамшадинов Б, Сейманбет А - II орын иеленген, жетекшісі Тоқмұрат М.А.

Аудан оқушылары арасындағы «Ұлттық мектеп лиасы» «Асық ату» жарысы

11ә класс оқушылары Бақыткерей І, Баенов М-І орын. ХХ-шы аудандық спартакиадада мектеп оқушылары арасындағы бес асық жарысы 8а класс оқушылары: Нұрғали Д, Баенова М –II орын . Жетекшісі Жұмабаев С.М.

Аудандық Волейбол жарысына қатысқан қыздар командасы –I орын , Облыстық кезеңде-III орын иеленген , жетекшісі Абилов Б.Қ.

№3Хромтау орта мектебінде 9 қаңтар – 13 наурыз аралығында «Пилоттық жоба» акциясы аясында ата-аналар арасында кезекшілік кестесі құрылып, бекітілген. Кезекшілікке қамтылған ата –аналар саны -52. Ата –аналар мектепке келіп, мектептің ішкі және сыртындағы қауіпсіздікті қадағалаған. Сонымен қатар кезекшілік дәптерге кезекшілік уақытындағы болған жағдайларды күнделікті жазып отырған. Қыркүйек айының 5-11 аралығында Республикалық «Абайлаңыз балалар!» атты онкүндіктің жоспары жасалынып, белгіленген шаралар уақытылы талапқа сай өткізілген. «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты 1-11 оқушыларына тәрбие сағаттары өткізілген. «Біз жас инспекторлармыз» атты Хромтау ауданы ПБ ЖПКБ ППТ инспекторы полиция аға сержанты Калиуллинов Р.Н. және мектеп инспекторы Мырзагельдин Қ.Т. мектеп

оқушыларына танымдық сағат өткізіліп, жолда жүру ережесін түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Мектептің инстаграмм парақшасына /hssh3m/ салынған.

Мектебімізде «Адал жол –Честный путь» 7-11 қазан аралығындағы апталық марафон эстафетасы аясында 10 қазан күні 1-11 сыныптар арлығында «Жемқорлықсыз өмірді таңдаймыз!», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілген.

2020-2021 оқу жылы №3Хромтау орта мектебі бойынша тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі

№ 145 бұйрығымен қосымша берілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың 2019-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын негізге алған.

Тәрбие жұмысына қатысты оқулықтар мен әдістемелік құралдармен, нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілген .

2020-2021 оқу жылындағы тәрбиенің жылдық жұмыс жоспары тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағытына сәйкес құрылған, мектеп директорымен бекітілген.

Тәрбие жұмысы жөніндегі негізгі мәселелер кеңестерде қаралған

2020 жылы тамыз айында мектеп директоры жанындағы кеңесте Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуы «Мектепке жол» акциясы

2020ж Мектептегі қыз балалар тәрбиесіне қатысты жұмыстың жүргізілуі; Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары.

2020 жылы қараша айында педагогикалық кеңесте «Рухани жаңғыру – рухани жаңғыруға , руханиятқа , білім мен ғылымға мән беретін маңызды үдеріс»;

2020 жылы желтоқсан айында мектеп директоры жанындағы кеңесте «Оқушылардың сабаққа қатысымын талдау»;

2021 жылы қаңтар айында мектеп директоры жанындағы кеңесте «Есептегі және мектепішілік тәуекел тобындағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру»;

2021 жылы қаңтар айында педагогикалық кеңесте «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы-серіктестер»;

2021 жылы наурыз айында педагогикалық кеңесте «Мектептегі білім беру жүйесіне отбасы құндылықтарды енгізу арқылы мектеп, отбасы және қоғам арасында үйлесімділік қарым-қатынасын орнату жолдары»;

2021 жылы мамыр айында мектеп директоры жанындағы кеңесте «Он маржан» бағдарламасының қорытындысы;

Алдын алу кеңесінде қаралған мәселелер:

№3 Хромтау орта мектебінің кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жылдық жұмыс жоспары құрылған.

Ай сайынғы отырыста жоспарлы мәселелер қаралып отырған.

21 қазан күні «Өзін өзі басқару ұйымының» кезекті сайлауы өткізіліп, сайлау шешімі бойынша ұйым мүшелерінің белсенділері тағайындалған.

10-желтоқсан күні «16 –желтоқсан Тәуелсіздік күніне» орай, оқушыларды

«Жас Қыран, Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі өткізілген. «Жас Қыран» ұйымына 1- сыныптардан – 73 оқушы, «Жас Ұлан»

ұйымына 5 -сыныптардан – 82 оқушы қабылданған.
Қыркүйек айында Республикалық «Абайлаңыз балалар!» атты онкүндіктің жоспары жасалынып, белгіленген шаралар уақытылы талапқа сай өткізілген. «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты 1-11 оқушыларына онлайн тәрбие сағаттары және жолда жүру ережесін түсіндіру мақсатында мектеп инспекторы Мырзагельдин Қ.Т «Біз жас инспекторлармыз» тақырыбында іс-шара өткізілген.
ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс –шаралар жоспарының 143- тармағын жүзеге асыру мақсатында мектеп тасымалдауын ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектепте «Қауіпсіз мектеп автобусы» онкүндігі жоспарға сай өткізілген.
«Қауіпсіз мектеп автобусы» онкүндігі пандемия кезінде қауіпсіз тасымалдау мен санитарлық ережелердің сақталуын ескере отырып, балаларды мектепке және үйге дейін қауіпсіз және жайлы жеткізуді қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары ,1-4 сыныптар арасында «Жарқын бол» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылған.
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.«Алтын күз » мерекесі 1-11 сыныптарға қашықтықтан өткізілген. «Күз-байлық, күз-береке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізу мақсатында 1-2 сынып оқушылары жапырақтардан түрлі гербарий дайындаған . 1б сынып оқушылары Оразай Али , Қайырбек Нұртас және 1 «ә» сынып оқушысы Қасенғали Жандәулет -I орын иеленген. 3-4 сынып оқушыларына берілген тапсырма жеміс-,жидектен, көкөністерден мүсін жасаған,3 «в» сынып оқушысы Нұрлыбайқызы Айару алмадан « Тышқан» мүсіні, 4 «ә» сынып оқушысы Байгали Дамир жеміс-жидектерден «Палма» ағашының мүсіні, 3 «а» сынып оқушысы қиярдан «Тасбақа» мүсінін жасаған . Жұмыстары үздік деп танылған оқушылар марапатталған. 5-6 сынып оқушылары « Күздің кереметі тағамда» ас мәзірін дайындап бейнеролик түсірген. Өткізілген іс-шара уақытылы мектептің **/hssh3m/** инстаграмм парақшасына салынып отырған.
2020-2021 оқу жылында «Қоғамға қызмет» волонтерлық жобасы ұйымдастырылған, жетекшісі тәлімгер Мұхтарова Г.С. Жылдық жоспар құрылып, жоспарға сәйкес іс шаралар атқарылған.

«Бірлік» еріктілер тобы «Асар» челленджі аясында Теміржол көшесіндегі 16-шы үйдің тұрғыны Исмагулов Аманбай ардагердің үйіне барып көмек көрсеткен. Бұл ізгі шараның басты мақсаты – жастар арасында еріктілер жұмысын жандандыру, адамгершілік қасиеттер мен рухани құндылықтарды насихаттау. 28 наурыз «Игі істер күні» «Қоғамға қызмет» ұйымының мүшелері мен "Біз игі істерді жақсы көреміз! " атты іс шараға белсене қатысқан «Бірлік» еріктілерімен бірлесіп, Нұрлыбаева 32 көшесінің тұрғыны зейнеткер Жаукарова Ақтеңге Сейілхановнаның ауласын тазалаған. Технология пәнінің мұғалімі Зайнолла Р.Ә технологияның қосымша сабақтарында «Қоғамға қызмет» ұйымының мүшелерімен бірге медициналық маскалар тігіп, тұрмысы төмен отбасындағы оқушыларға тегін үлестірген.
Алғыс айту күніне орай мектептің әлеуметтік педагогы Исмагулова Ж.С «Қоғамға қызмет» ұйымының мүшелерімен бірге демеушілер тарту арқылы аз қамтылған, толық емес және көп балалы отбасыларға азық-түліктер алып берген.
Оқушылардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен жауапкершілікпен қарау және қарым-қатынасы арқылы адамның мәдениеттілік сезімін қалыптастыру мақсатында 2020-2021 оқу жылынан бастап
1-11 сыныптар аралығында экологиялық тәрбие сағаттары өткізілген.

Бастауыш сыныптарда «Біз табиғатты қорғаймыз», «Мен және табиғат», «Экология және біз», «Адамдардың табиғатсыз күні» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілген. Мақсаты: Табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру, табиғатқа деген рухани- саналы қарым-қатынасты қалыптастыру, экологиялық тәрбие арқылы балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру көзделген. Оқушылар тәрбие сағаттарында «Табиғатым - тағдырым», «Жаңбырсыз жаз» табиғаттың адам өмірі үшін маңызы зор екенін ұғындыру мақсатында табиғат тақырыбында өлең шумақтарын , мақал –мәтелдер айтқызған ,табиғат туралы суреттер салдырған.

24 наурыз «Табиғат күніне сәйкес 5-сыныптар «Менің Эко-Үйім» жобасында оқушылар гүлдерге су құйып, гүлдерге қамқорлық жасаған суреттерін жіберіп, гүл күтімі туралы өз ойларымен бөліскен.

Рухани жаңғыру бағдарламасына сай, балаларға еліміздің экологиясы, табиғаты жайлы мәліметтер беру арқылы қоршаған ортаның зиянды заттармен ластануын оқушыларға түсіндіру мақсатында «Экология–ел тағдыры» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев "Қазақстан – 2030" стратегиялық даму бағдарламасындағы халқына жолдауында "Қазақстанның әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал-ақуалы жақсы болуы тиіс" -деген болатын. Тәрбие сағаттарында оқушыларға ғаламдық экологиялық проблемаларына климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің құлдырауының себептерін түсіндірген. Ұлттық экологиялық проблемалар экологиялық апатты аймақтар; Каспий теңізі қайраңы ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар; тарихи ластану; трансшекаралық мәселелер; әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсері туралы сөз қозғалып, оқушылар өз ойларымен бөліскен. Іс-шаралар ретімен /hssh3m/ инстаграмм парақшасында уақытылы жарияланып отырған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Ақтөбе облысы білім басқармасының 10.10.2016 ж №5-5238 хаты негізінде АББ-нің 31.10.2016ж №483 бұйрығы негізінде «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған , құрамында 18 оқушы бар. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі болып Иманова Б.Е бекітілген. Парасат бұрышы жасақталып, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасының ережелері, мақсат міндеттері туралы ақпараттар жарияланған.

Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысы

Барлық сынып жетекші	44	Білімі бойынша		Санаты бойынша		Еңбек өтілі бойынша	
Мектепалды даярлық тобы	4	Жоғары	36	Педагог-зерттеуші	9	1 жыл	4
бастауыш сынып жетекшілері	16	Арнаулы орта	8	Педагог-сарапшы	11 2	3-5 жыл	5
орта және жоғары буын сынып жетекшілері	24			Педагог-модератор екінші санатты Санаты жоқ	9 6 7	6-20 жыл 20ж жоғары	21 14

Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері тағайындалған, жылдық жұмыс жоспары, өткізілетін семинар тақырыптары жоспарға енгізілген. «Жас сынып жетекшілерге әдістемелік көмек» тақырыбында бірлестік отырысы өтқізілген. Отырыста Г.К Умарова өз тәжірибесімен бөліскен.

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру (оқушылардың денсаулығы және олардың әртүрлі спорттық-сауықтыру қызмет түрлерімен қамтылуы, валеологиялық

қызмет жұмысы)

Қыркүйек айында Оқушыларға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, басты байлық екенін ұғындыру және оқушылардың дене тәрбиесіне деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында кезекші 1-4 сыныптар аралығына «Денсаулық күні» өткізілген. Санитарлық талаптарға сай ара қашықты сақтай отырып, денешынықтыру пән мұғалімдері 1-4 сынып оқушыларына эстафеталық жарыстар өткізілген. Сайыс қорытындысы бойынша 4 «ә» сынып оқушылары- I орын иеленген. 4 қаңтар күні 9-11 сыныптар арасында Қысқы демалысты тиімді ұйымдастыру барысында «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» танымал спортшылармен онлайн кездесу ұйымдастырылған.

Оқушыларға танымал спортшылармен онлайн кездесу барысында Қазақстан Республикасы Киокушенкай каратэсынан Халықаралық жеңімпазы Сдыхов Мұрат Серікұлының және 6 «б» сынып оқушыларына Қазақстан спортшылары бейне ролигі ұсынылды. «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында Әлем чемпионы Ұлан Мукашевтың 9 «б» сынып оқушыларына өмір жолы оқушыларға таныстырылған. 6-сынып оқушылары арасында 25 наурыз «Шымырлық пен шеберлік» күніне орай қашықтықтан тоғызқұмалақтан, дойбы, шахматтан қазақ күресі т.б. спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылған.

28 наурыз «Игі істер күні». Қоғамға қызмет жобасы аясында 1-11 сыныптар арасында «Ертеңіңді ойласаң есірткіге жолама» тақырыбында сурет байқауы өткізілген. 3-желтоқсан күні 9-11 сыныптар арасында «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында мектеп инспекторы Мырзагельдин К.Т, полиция сержанты Айғалқа А.С зум платформасы арқылы кездесу өткізген. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында мектеп инстаграм парақшасына бейнероликтер салынған.

«Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілген. *Жиналыстың мақсаты:* Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу жастардың Адам тәрбиесі мен Қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсініктеме берілген. Жиналысқа директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Кулумгарина Р.Ж, Иманова Б.Е мектеп медбикесі Утетлеуова Б мен педагог-психологтар Изгалиева М.К, Нурмагамбетова А.С қатысуымен 8-11 сынып қыз балаларының арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілген.

Отбасы тәрбиесі Отбасылық тәрбие бағытында 9-14 қыркүйек аралығында "Отбасы бақыт мекені" тақырыбындағы апталық аясында 11 – қыркүйекте 1 – 11 сыныптар аралығында «Отбасы - Отанымыздың ошағы» атты тәрбие сағаттары өткізілген. Оқушылардың "Менің отбасым" тақырыбында әзірлеген бейнероликтерін инстаграмм парақшасына жарияланған. «Ата-ананы құрметтеу- әрбір адамның қасиетті борышы» атты қазақ тілі пәні мұғалімдері 9-10 сыныптар арасында шығарма жаздырған. 5-10 сынып оқушылар аралығында «Отбасылар күні» - ақ орамал акциясы өткізілген. Оқушылар аналарына арнап сыйлық ретінде ақ орамал тарту еткен.

Ата-аналармен арадағы қарым қатынас орнату мақсатында **«Алтын кітап сөресі»** атты отбасылық оқу байқауы ұйымдастырылған. Кез-келген шығарманы ата-ана мен бала жалғастырып оқу, өзінің сүйікті кітабын жарнамалау , отбасылық кітапхананы таныстыру мақсатында Сұлтанкерей Дамир отбасылық байқауға қатысып, Дамир отбасымен оқыған шығармаларын үш тілде (қазақша,орыс тілінде,ағылшын тілінде) баяндаған.

Патриоттық тәрбиелеу және білім беру ұйымының кеңістік-пәндік ортасын

ұйымдастыру (мемлекеттік нышандар, тақырыптық стендтер, плакаттар т.б.)

30 қараша күні Тұңғыш президент күніне орай 1-11 сыныптар арасында, «Елін сүйген Елбасы», «Елбасы тәуелсіздігімнің тірегі», «Бір ел, бір тағдыр» тақырыптарында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілген.

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 9 желтоқсан күні Қазақстан және Тұңғыш Президент-Елбасының негізгі жетістіктері туралы мақалаларды, сюжеттерді таратуды ұйымдастыру бойынша 8 «в» сынып оқушылары Зейнолла Айдос пен Утегалиева Гүлзат «Қазақстанның жетістіктері» туралы мақаласын мектеп инстаграм парақшасына жариялаған. 8 «ә» сынып оқушылары Тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен сіңірген еңбектері туралы бейне роликтер, «Тәуелсіздігім - Тәңірден келген тәтті сый» тақырыбында 11 сынып оқушылары слайд дайындаған.

1-11 сынып оқушылар аралығында «Тарихы терең, тәуелсіз елім – Қазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілген.

2021 жылдың сәуір айында зум платформасы арқылы жоспарға сай мектепішілік сыныптан тыс шара ұйымдастырылған.

Рухани-адамгршілік тәрбиесін қалыптастыру

2020 жылдың 16 желтоқсан тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Өлкетану» музейі ашылған. Іс шараға аудандық білім бөлімінің әдіскері Калниязова Н.С және мектептің ардагер ұстазы Ситекенов О қатысқан. Музей іші 7 бөлімнен тұрады. I бөлім «Өлкемнің өткені», II бөлім «Отты жылдар», III бөлім «Ер дәулеті, ер еңбегі», IV бөлім «Тарихи тұлғалар», V бөлім «Ұлттық құндылықтар», VI бөлім ,«Тәуелсіз Қазақстан», VII бөлім «Мектеп тарихы». Музейдегі экспонат саны-45. Жетекшісі болып педагог-ұйымдастырушы Жолдыбаева Г.Ж. тағайындалған.

Рухани –танымдық тәрбие бағытында 9“а”, 9 “ә”, 9 “б” сынып оқушылары аудандық мұражайға саяхат жасаған.

Мектепте тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сай 1-11сыныптар аралығында Алғыс айту күні және 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі онлайн түрде өткізілген.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы қолданыс аясы тарылған дәстүр ғұрыптан бас тартып, ұмыт болғанын жаңғыртып тәрбиелік және адамгершілік құндылығы жоғарғы салт дәстүр, әдет ғұрыптарды заманға сай түрлендіру, ұлттық рухты, патриотизмді, тәлім- тәрбиені дәріптейтін қазақтың салт дәстүрлерін жаңғырту шараларын іске асыруда мектеп қалыптастыру мақсатында «Дәстүр мен ғұрып» мектебінің 2020-2021 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілген.

Аналар мектебі арқылы салт –дәстүр мен әдет ғұрыпты жандандыру мақсатында 9 «б» сынып оқушысы Жақсылыкова Балнұрдың анасы Миранбекова Замира ерте заманда қолданыста болған «Қалауыш» жасаған.

Тұсаукесер – сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. 8 «а» сыныбында оқитын Хисман Нұрланның отбасы «Тұсаукесер» рәсімін жасаған. 9 «Ә» сынып оқушысы Жолдасбай Томиристің анасы, «Аналар» мектебінің мүшесі Қуандыкова Гаухар ұршық иіру мен тоқыма тоқудан шебер класс өткізген. Салт –дәстүрлерімізді дәріптеу мақсатында бейне роликтер, слайдтар жасалып, мектептің әлеуметтік желісі инстаграмм парақшасына /hssh3m/ жарияланған.

Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Осыған орай 1-11 сыныптар аралығында «Көрісу айт-ынтымақ пен берекенің бастауы» атты бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілген. «Ұлттық нақыштағы көрісу» челленджі ұйымдастырылған.

Айнала табиғатпен біте қайнасып өмір сүру көшпелі қазақ дүниетанымының бір бөлігін құраған. Сол себепті ұлық мерекеде жаратылысты аялау мақсатында табиғат аясында бір күн өткізу маңызды болып саналған. Ұмай ана барлық жерді аластап, Жас ұлан балалар ұйымы мектеп ауласын қардан тазалаған. Бұл күні жалпы тазалыққа көңіл бөлініп, «Жалынды жастар көктемі» экологиялық акциясы өткізілген.

«Тілге құрмет-елге құрмет» тақырыбында өзге ұлттардың мемлекеттік тілде ән-жыр айту мақсатында 1-4 сынып оқушыларының арасында мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдері арасында кеңінен насихаттау, ынталандыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылған.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдері 3-11 сынып аралығында «Асығын алшысынан түссін»-асық ату сайысы ,«Ұлттық ойындар-халық қазынасы» спорттық ойындар күні ұйымдастырып өткізген. «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні!» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілген.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

31 желтоқсан күні қысқы демалысты ұйымдастыру барысында 1-4 сыныптар арасында «Қысқы ертегі» тақырыбында шығармашылық жұмыстардың онлайн конкурс көрмесі ұйымдастырылған.

1-8 сыныптар арасында «Аяз Ата» ,«Өз қолдарымен ашық хат» онлайн балалар мастер класы өткізілген. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері 2 қаңтар күні «Жаңа жылға отбасылық дәстүрлер: бос уақыт, коллекциялар» бейне жобасы бойынша бейне жобалар дайындаған.мектептің инстаграмм парақшасына /hssh3m/ салынған.

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Мен Жамбылды оқимын» челленджіне 6-7 сынып оқушылары қатыстырылған.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9 ақпан ақиық ақын М.Мақатаев туған күні аталып өткен. «Қазақтың күпі киген қара өленін,шекпен жауып өзіне қайтарған» Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай №3 Хромтау орта мектебінің кітапханасында «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр!» тақырыбында мұғалімдер арасында әдеби кеш ұйымдастырылған.

2021 жылдың мамыр айында Отан қорғаушылар күнін және Ұлы жеңістің 76 жылдығын мерекелеуге арналған іс шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес мерекелік шаралар зум платформасы арқылы өткізілген.

Ұсыныстар:

1.Жас класс жетекшілерге өздерінің біліктілігін арттыру мақсатында біліктілігін арттыру курстарына жиі қатыстыру.

3.Тәрбие саласы бойынша әдістемелік жинақтар шығару мәселесі қолға алу.

Қорытынды: Мектептің тәрбие беру саласындағы жоспарланып жүргізілген іс-шаралар оқушы бойында рухани-адамгершілік,ұлттық дәстүрлерді меңгертуге, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталып жүзеге асырылған.

1.5. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2017-2021 оқу жылдары білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық еңбек және дене тәрбиесін іске асыруда үйірмелер жүргізілген. «Волейбол»

үйірмесі қатысатын оқушы саны-20. Аудандық «Ұлттық мектеп лигасы» қыздар командасы - I орын иеленген , үйірме жетекшісі Абилов Б.К. Аудандық «Эстафеталық жарыс» - I орын, үйірме жетекшісі Тоқмұрат М.А. Облыстық «Ұлттық ойындар» спартакиадасы -II орын , жетекшісі Жұмабаев С.М. Аудандық «Алтын сақа» сайыс -I орын , Жұмабаев С.М. Аудандық «Шахмат» қыздар командасы - III орын жетекшісі Тұяқбаева Г.К. Көркемдік-эстетикалық бағытта «Би» үйірмесі қатысатын оқушы-25 Аудандық «Би атасы біздер» байқауында «Наз» би тобы - III орын, Би сайысы «Гүлдер» тобы - II орын жетекшісі Қартбаева И.

Аудандық «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауы Абдрахманов С- III орын, Кушкимбаева А- III орын , жетекшісі Джуртканов Е.Г

«Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Республикалық «Аққөгершін» ән байқауы Тельман Н- Бас жүлде , Аудандық «Әнші балапан» байқауы Хисман С- Бас жүлде , жетекшісі Бодыкова Ж.Т. Аудандық «Білімді жастар -болашаққа жол бастар» сайыс Тлеу Қ-10 сынып -II орын.

«Дебат» үйірмесі жүргізілген ,қатысқан оқушы саны -15. Облыстық Дебат пікірсайыс турниріне қатысқан оқушылар : Оспан А, Хасен С- I орын, Сағымбай Н, Князбаева Г- III орын Шайхина Н,Уразова Т- II орын , Шайхина Н- I орын, Аудандық Шайхина Н, Оспанова А- I орын , жетекшісі Унгарбаев М.А.

№	Шара атауы	Қатысушы	Нәтижесі	Деңгейі	Жетекшісі
1	Аудандық «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауы.	Кушкимбаева А	III орын	Аудандық	Джуртканов Е.Г
2	«Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауы	Абдрахманов С	III орын	Аудандық	Джуртканов Е.Г
3	Әнші балапан	Хисман С	Бас жүлде	Аудандық	Бодыкова Ж.Т.
4	«Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Республикалық «Аққөгершін» ән байқауы	Тельман Н	Бас жүлде	Республика	Бодыкова Ж.Т.
5	«Алтын сақа» сайыс	6а класс	I орын	Аудандық	Жұмабаев С.М.
6	«Жол қозғалысының жас инспекторлары» байқауы	6а класс	II орын	Аудандық	Тоқмұрат М.А.
7	Ұлттық ойындар спартакиадасы	6а класс	II орын	Облыстық	Жұмабаев С.М.
8	ҚР полициясына 25 жыл	7а класс	I орын	Аудандық	Тоқмұрат М.А.
9	Шахмат	Қыздар командасы	III орын	Аудандық	Тұяқбаева Г.К.
10	«Білімді жастар - болашаққа жол бастар» сайыс	Тлеу Қ-10 сынып	II орын	Аудандық	Кулумгарина Р.Ж.
11	Дебат	Оспан А, Хасен С	I орын	Облыстық	Унгарбаев М.А.
12	Дебат	Сағымбай Н, Князбаева Г	III орын	Облыстық	Унгарбаев М.А.
13	Дебат	Шайхина Н Уразова Т	II орын	Облыстық	Унгарбаев М.А.
14	Дебат	Шайхина Н	I орын	Облыстық	Унгарбаев М.А.

15	Дебат	Шайхина Н Оспанова А	I орын	Аудандық	Унгарбаев М.А
16	«Би атасы біздер» байқау	«Наз» би тобы	III орын	Аудандық	Қартбаева И
17	Би сайысы	«Гүлдер» тобы	II орын	Аудандық	Қартбаева И
18	Эстафеталық жарыс	7а сынып	I орын	Аудандық	Тоқмұрат М.А.
19	Волейбол «Ұлттық мектеп лигасы»	Қыздар командасы	I орын	Аудандық	Абилов Б.К.

2020-2021 о.ж аудандық «Балалар өкілдіктері» байқауына қатысқан 10 ә сынып оқушысы Сапина Аружан «Бас жүлде» иеленіп, облыстық балалар өкілдіктерінің қатарына қабылданған.

-«Талаптың аты арындап» атты аудандық жыр –мүшәйрасына белсене қатысып, Бауыржанова Мөлдір III орынмен марапатталған.

- «Тоғызқұмалақ» аудандық оқушылар спартакиадасынан 10 «а» сынып оқушылары Дощанова Гүлназ, Темірбаева Фарида, Бауыржанова Мөлдір -II орын иеленген.

-Республикалық "Ұлттық аспапта ойнау" жанры бойынша Үйтолы Дариға- I орын;

-Республикалық "Үздік мәнерлеп оқу" байқауында Бауыржанова Мөлдір- I орын;

-Аудандық "Тіл- асыл қазына" іс шарасына белсене қатысқан №3 ХОМ оқушылары марапатталған;

-«Шахмат» аудандық оқушылар спартакиадасынан 7 «а» сынып оқушылары -Қайырбай Қанат, Самат Саян- II орынмен марапатталған;

-«Асық ату» облыстық спартакиадасынан- 7 «б» сынып оқушысы Серік Альтаир- I орынмен, 6 «а» сынып оқушылары Елеусіз Ерахмет, Асқар Мақсат –I орынмен марапатталған;

-«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақстан болашағы –жастардың қолында» атты аудандық онлайн пікірсайыс турниріне қатысып, №3 ХОМ оқушылары 1 орынды иеленген. Жетекшісі: Мұханбетжанов Н.М.

- Тұңғыш президентіміздің қолдауымен бастау алған «Елбасы медалі» жобасына қатысқан 9ә сынып оқушысы Қажет Сұлтанбек, 10а сынып оқушылары Темірбаева Ф, Дощанова Г, 10 ә сынып оқушысы Сапина Аружан - қола медалін иеленген;

- «Мен елімнің ертеңімін» атты әскери –патриоттық пейнтболдан турнирге қатысқан - 11 сынып оқушылары- II орынға ие болған.

2020-2021 оқу жылында мектепішілік «Он маржан» сайысы ұйымдастырылған. Сайыстың қорытындысы бойынша төмендегідей мұғалімдер мен оқушылар марапатталған:

1.Ең үздік жыл мұғалімі- Мусина Гүлжанат Абдисадыковна

2.Ең үздік сынып жетекші- Жақсылыққызы Үміт, 9 «а» сынып жетекшісі

3. Бастауыш сыныптар бойынша үздік сынып жетекші- Косжанова Мейрамгуль Адилгереевна, 4 «б» сынып жетекшісі

4.Ең үздік мектеп оқушысы- Бауыржанова Мөлдір Бауыржанқызы, 10 «а» сынып оқушысы

5.Ең үздік сынып оқушысы – Аманғос Нұрайым Серікқызы, 7 «ә» сынып оқушысы

6.Бастауыш сыныптар бойынша Ең үздік мектеп оқушысы- Құрмантай Инабат Нұрболатқызы, 4 ә сынып оқушысы

7. Ең үздік сынып оқушысы – Нұрғалиева Дина Сағындыққызы 4 б сынып оқушысы

8.«Ең үздік оқырман класс»- 2 «а» сынып оқушылары, сынып жетекшісі Алмагамбетова Ляззат Мырзатаевна

9.«Ең үздік оқырман»- Хасен Аяулым, 9 б сынып оқушысы

10.«Ең үздік жыл класы» - Умарова Гулсим Каримовна

Қорытынды: Оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-шаралар жүргізіліп, ұйымдастырылған.

1.6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

Талдау :

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында 10-11 класс білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп жаратылыстану-математикалық бағыт таңдалып, оқытылған.

2017-2018 оқу жылында 10а,10 ә кластарында,11 «а», 11 «ә» кластарында жаратылыстану-математикалық бағыттар таңдалып, бейіндік пәндерден - 60сағат (математика және информатика -24 сағат,жаратылыстану -36 сағат) оқытылған, вариативтік компоненттен «Математикалық практикум»-2 сағат, «Теңдеулер және оның шешу тәсілдері»-2 сағат, «Физикада жаңалықтар қалай ашылады»-2 сағат, «Физика ғылымындағы іргелі эксперименттер»-2 сағат, «Бәрі біздің түп-тұқиянымызда(Генетика негіздері)»-2сағат қолданбалы курстар, «Тірі жасуша жұмбақтары» таңдау курсы таңдалып оқытылған.

Қорытынды: Жалпы білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп таңдау пәндері аталған бағыт бойынша алынып, бейінді оқыту жүзеге асырылған.

2018-2019 оқу жылында 10 «а»,10 «ә кластарында , 11 «а», «ә» кластарында жаратылыстану-математикалық бағыт таңдалып, бейіндік пәндерден - 60сағат (математика және информатика -24 сағат,жаратылыстану -36 сағат) оқытылған, вариативтік компоненттен «Қолданбалы есептерді шешу»-4 сағат, «Сан есептерін шығару»-1 сағат, «Физикалық практикум»-3 сағат, «Тірі жасуша жұмбақтары» 2 сағат, «Бәрі біздің түп-тұқиянымызда(Генетика негіздері)»-2сағат таңдалып оқытылған.

2019-2020 оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдау арқылы жүзеге асырылған.

11 «а», «ә» кластарында жаратылыстану-математикалық бағыт таңдалып, бейіндік пәндерден – 30 сағат (математика және информатика -12 сағат,жаратылыстану -18 сағат) оқытылған, вариативтік компоненттен «Математикалық сауаттылық»-2 сағат, «Физикалық практикум»-2 сағат, «Бәрі біздің түп-тұқиянымызда(Генетика негіздері)»-2сағат қолданбалы курстар таңдалып оқытылған. Таңдау курсында «Ғаламдық география » курсы алынып, оқытылған.

10 а, 10 ә кластарында аптасына 4 сағаттан таңдау пәндеріне физика,химия пәндері таңдалған. Оқу жүктемесінің стандартты деңгейінен кәсіпкерлік және бизнес негіздері курсы таңдалған.

Жеке және топтық сабақтар бойынша « Казіргі туризм экономикасы», «Физикалық практикум», «Жалпы биология» курстары таңдалған.

2020-2021 оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдау еркіндігі арқылы жүзеге асырылған.

10 «а», 10 «ә», 11 кластарында жаратылыстану- математика бағыты бойынша тереңдетілген деңгей физика /география(10 кл) физика/химия (11 кл) пәндеріне аптасына-4 сағаттан 2 пән, стандарттық деңгей кәсіпкерлік және бизнес негіздері, 2 сағаттан 1 пән жүргізілген. Жеке және топтық сабақтар үшін 10 кластарға «Жалпы биология»-2сағат, «Физика есептерін шығару жолдары»-1 сағат , «Сандық есептерді шығару»- 1 сағат курстары оқытылған.11 класқа жеке және топтық сабақтар есебінен «Математикалық сауаттылық»1 сағ, «Географиялық білім»- 1 сағат, «Биология негіздері» аптасына 2 сағаттан оқытылған.

Қорытынды: 10-11 кластарды оқытуда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескерілген, бейінді оқытуды жүзеге асыру мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдау арқылы оқыту ұйымдастырылған.

1.7.Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

Талдау нәтижесі:

2017-2021 ж.ж аралығында ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік,орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктеріне қарап жұмыстар жүргізілген.

Білім алуға құқығын қамтамасыз ету, білім алуға қажетті әлеуметтік экономикалық жағдайлар жасау, тегін мектепалды, бастауыш,негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алу Қазақстан Республикасының азаматтары үшін білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер болып табылады. Білім беру процесі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды өмірге қажетті ғылымның негіздерін оқытып қана қоймай, баланың қоршаған ортаға бейімделу бағыты қарастырылған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларының оқу процесін ұйымдастыруда ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы», «Баланың құқықтары туралы» заңдары,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы31 қазандағы № 604 бұйрығына 4-қосымша Мектепішілік ПМПК отырысының жылдық жұмыс жоспары «Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік,орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік ұсынымға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттарына,психологиялық-медициналық педагогикалық консилиумы туралы Ереже» сәйкес жүргізілген.

1-4 кластарда

2017-2018 оқу жылында инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары ұйымдастырылған.

2017-2018 оқу жылында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары бойынша төмендегі жұмыстар бірлесе атқарылған.

Баланың денсаулығын және дене күшін қолдау:

Бала өмірі мен денсаулығын сақтау жағдайы мен жолдарын ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын коррекциялық

сабақтарға қатыстыруды ұйымдастыру ; (оқу-ісі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі)

Балалардың зерде дамуын қолдау:

Әрбір баланың танымдық ерекшелігіне сәйкес оқыту әдістерін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін оған жағдай тудыру; (педагог-психологтар, пән мұғалімдері)

Баланы қарым-қатынас саласында қолдау:

Балаларды мектепішілік және мектептен тыс шараларға қатыстыру арқылы ортаға тартып,гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезінде спорттық шаралар мен шығармашылық үйірмелерге қатыстыру арқылы олардың жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;(әлеуметтік педагог, педагог ұйымдастырушы, тәлімгер)

Баланың жанұясын қолдау:

Әрбір баланың жанұясымен ынтымақтастық жағдай орнату арқылы оның жанұялық жағдайын зерделеп білу, ата-аналарына арнайы құқықтық сауаттылығына педагогикалық-психологиялық көмек ұйымдастыру, бала мен арақатынасының үйлесімді болуына көмек көрсету;(психолог, әлеуметтік педагог, тәрбие орынбасары)

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы кез келген мәселені және оны оқыту мен мектепте бейімделумен қамтамасыз етуді шешудегі кешенді, пәнаралық тәсілдемені жүзеге асыру мақсатында *мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум* құрылып жұмыс жасаған. Оқу жылының басында консилиумнің жұмыс кестесі мектептің жұмыс тәртібіне сәйкес белгіленіп, консилиум отырысы жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген.

2017-2018 оқу жылында мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен төмендегідей топпен оқытылған:

Инклюзивтік оқытуда -2 оқушы,олар:

Балтабай Заңғар 3«г» Ақыл – ой кемістігі бар (умственный отсталый II уровня) диагнозымен жеке бағдарламамен оқытылуда. 2017 – 2018 жылы оқу жылының басында ПМПК-ның қорытындысына сүйнен отырып осы оқу жылының нұсқаулығына және «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар және үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша» әдістемелік нұсқаулыққа сүйене отырып, жеке бағдарлама құрылып, диагнозына байланысты жеке пәндер қарастырылып жоспар құрылған.Жетекшісі:Краубаева Т.Т.

Тлекбаев Марғулан ПМПК қорытындысы №11125 12.01.2016 ж негізінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2014 жылғы 25 ақпандағы №61 (1 – қосымшасы) бұйрығымен бекітілген жеңіл ақыл – ой кемістігі бар оқушыларға арналған оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы «18» маусымдағы №393 бұйрығымен бекітілген «Жеңіл ақыл – ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін оқу бағдарламасы» бойынша арнайы оқу бағдарламасы бойынша оқытылған. Жетекшісі: Рскалиева Г.М.

Үйден оқытуда - 2оқушы

Бисембаева Гүлназ Таймуканбедқызы 3«в. ДКК №154/9 4.09.2017ж. Психологиялық дамудың ауытқуы - ЗПР Оқу бағдарламасы:жалпы білім беретін мектептің жеке оқыту бағдарламасының қысқартылған түрі.Жетекшісі:Аманбаева А.А.

Үйтолы Санжар Дастанұлы №160/2 12.09.2017ж Перелом правового предплеча.Оқу бағдарламасы: жалпы білім беретін жеке оқу бағдарламасы.Жетекшісі: Беляшева М.М.

Инклюзивтік білім берілетін оқушыларға облыстық ПМПК қорытындысы негізінде оқу бағдарламалары құрылып, іс-құжаттарының жүргізілуі, сабақ кестесінің құрылуын зерделеу оқыту жүргізілген.

2018-2019 оқу жылында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары бойынша жұмыстар бірлесе атқарылып отырылған.

2018-2019 оқу жылында мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен төмендегідей топпен оқытылуда.

Инклюзивтік оқытуда -3 оқушы,олар:

Балтабай Заңғар 4«г» Ақыл – ой кемістігі бар (умственный отсталый II уровня) диагнозымен жеке бағдарламамен оқытылуда. 2018 – 2019 жылы оқу жылының басында ПМПК-ның қорытындысына сүйнен отырып осы оқу жылының нұсқаулығына және «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар және үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша» әдістемелік нұсқаулыққа сүйене отырып, жеке бағдарлама құрылып, диагнозына байланысты жеке пәндер қарастырылып жоспар құрылған.Жетекшісі:Краубаева Т.Т.

Бисембаева Гүлназ Таймуканбедқызы 4«в» ДКК №154/9 4.09.2017ж. Психологиялық дамудың ауытқуы - ЗПР Оқу бағдарламасы: жалпы білім беретін мектептің жеке оқыту бағдарламасының қысқартылған түрі,диагнозына байланысты жеке пәндер қарастырылып жоспар құрылған. Жетекшісі Аманбаева А.А.

Ұмаров Арман мектепалды даярлық тобы (0«в») ПМПК қорытындысы №14863 11.12.2017ж (құлақ мүкістігіне байланысты) негізігде жалпы білім беретін мектептің дайындық сыныбында жеке оқу бағдарламасымен оқытылған. Жетекшісі: Жумабаева Динара

Үйден оқытуда - 2оқушы,олар:

Тлекбаев Марғулан ПМПК қорытындысы №11125 12.01.2016 ж негізінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2014 жылғы 25 ақпандағы №61 (1 – қосымшасы) бұйрығымен бекітілген жеңіл ақыл – ой кемістігі бар оқушыларға арналған оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы «18» маусымдағы №393 бұйрығымен бекітілген «Жеңіл ақыл – ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін оқу бағдарламасы» бойынша арнайы оқу бағдарламасы бойынша оқытылған.

Үйтолы Санжар Дастанұлы №160/2 12.09.2017ж Перелом правового предплеча.Оқу бағдарламасы: жалпы білім беретін жеке оқу бағдарламасы.Жетекшісі: Беляшева М.М.

Инклюзивтік білім берілетін оқушыларға облыстық ПМПК қорытындысы негізінде оқу бағдарламалары құрылып жүргізілген.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Екі оқушығада жоспар жасалынып директордың, оқу ісі меңгерушісінің және ата-аналарының келісімен құрылып, бекітілген.

Инклюзивті және үйде оқытуда жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, мамандары жұмыс жасаған.

2019-2020 оқу жылында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары бойынша жұмыстар бірлесе атқарылып отырылған.

2019-2020 оқу жылында мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен төмендегідей топпен оқытылған.

Инклюзивтік оқытуда -2 оқушы,олар Алдамжаров Нурсәт 3а кл.Елемесова Көркем 2 «а» кл.Алдамжаров Нурсәт 3 «а»кл. Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу.Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолданған. Диагноз: МКБ 10 алдын – ала диагноз.Жетекшісі:Беляшева М.М.

Елемесова Көркем 2«а»кл. Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу. Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолданған. Түзету жұмыстары жүргізілген. Диагноз: Церебральды сал ауруы Спастикалық диплегия. ДЦП. Қорытынды №13137 Облыстық ПМК. жетекшісі: Қосниязова Ш.Қ.

Үйден оқытуда -2 оқушы, олар:

Каирманова Аялы 1«ә» оқыту формасы: Инклюзивное обучение по индивидуальной учебной программе и индивидуальному учебноу плану для детей с умеренной умственной отсталостью в 1 классе сентября 2019года. Диагноз: Синдром Дауна № 2058282 20.01.2018-20.01.2023ж.Жетекшісі: Сейтова Б.У. Психолог: Нурмагамбетова А.С.

Хазиз Мейрам 3 «г» сыныбында оқиды. Оқу бағдарламасы: Жалпы білім беретін мектептің жеке оқыту бағдарламсының қысқартылған түрі, жалпы білім беретін мектептің жеке оқу бағдарламасымен жұмыс жасалған. Диагноз: Резидуальное органическое поражение центральной нервной системы ЦНС. Генерализованная эпилепсия. №2054668 17.04.2018-17.04.2020г.Жетекшісі:Кукенова Н.Е. психолог: Нурмагамбетова А.С.

Инклюзивтік оқытылатын оқушыларға ата- аналарының келісімімен, мектеп директорымен сабақтар кестесі жасалып бекітілген.Сабақтар уақытылы кестеге сай өтіледі. Жеке-жеке оқушының психологиялық-педагогикалық картасын оқу жылының басында бір рет және аяғында міндетті түрде толтырып отырылған. Мектеп психологы баланың медициналық-психологиялық-педагогикалық зерттеу бағдарламасын құрып, сынып жетекшісі мен пән мұғаліміне көмек ретінде ұсынып отырған. Баланың дамуы мен білімді меңгеру сапасын динамикалық бақылау күнделігін мұғалімі жүргізелген.Мұғалім әр оқушының тұлғалық нәтижелерін зерделе отырып,дамуына ықпал ететін папка жинақталған.

2020-2021 оқу жылында

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға бұйрық шығарылып, оқытуды ұйымдастыру жасалған. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін жұмыс оқу жоспары жасалған.Сабақтар бекітіліп, уақытылы кестеге сай өткізілген. Жеке оқушының психологиялық-педагогикалық картасын оқу жылының басында бір рет және аяғында міндетті түрде толтырып отырылған. Мектеп психологы баланың медициналық-психологиялық-педагогикалық зерттеу бағдарламасын құраған, сынып жетекшісі мен пән мұғаліміне көмек ретінде ұсынып отырған. Баланың дамуы мен білімді меңгеру сапасын динамикалық бақылау күнделігін мұғалімі жүргізген. Оқу жылын аяқтау кезінде психодиагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша қорытындысын психолог жасаған.2020-2021 оқу жылында мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен төмендегідей топпен оқытылуда.

Инклюзивтік оқытуда - 5.Саматова Гүлім 1«А», Марал Дулат 1«А, Елемесова Көркем 3А Алдамжаров Нұрсәт 4 а , Абдулмажит Нұрмұхаммед -4г

Алдамжаров Нурсәт 4«а»кл. Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу.Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану.Мектепте психологиялық және педагогикалық қолдау. Диагноз: Диагноз: F 83 ОНР III уровня МКБ 10 алдын – ала. Жетекшісі:Беляшева М.М.

Елемесова Көркем 3«а»кл. Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу. Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану. Түзету жұмыстарын жүргізу. Диагноз: Церебральды сал ауруы Спастикалық диплегия. ДЦП. Қорытынды №13137 Облыстық ПМК. жетекшісі: Қосниязова Ш.Қ.

Марал Дулат 1«а»кл. Оқыту формасы: Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу.Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану.Мектепте психологиялық және педагогикалық қолдау. Диагноз: ОНР III уровня. Стертая форма дизартрии. Жетекшісі:Ерназарқызы Н.

Самат Гүлім 1«а»кл. Оқыту формасы: Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу.Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану.Мектепте психологиялық және педагогикалық қолдау. Диагноз: ОНР II-III уровня. Жетекшісі:Ерназарқызы Н.

Абдулмажит Нұрмұхаммед -4 «г»кл. Оқыту формасы: Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу.Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану.Мектепте психологиялық және педагогикалық қолдау. Диагноз: F 83 Ауырғаннан кейінгі жағдай оң жақ гемипарез.Жетекшісі: Маденова Д.Б.

Үйден оқитын -2. Каирманова Аялы 2ә, Хазиз Мейрам

Каирманова Аялы 2«ә» оқыту формасы: Инклюзивное обучение по индивидуальной учебной программе и индивидуальному учебноу плану для детей с умеренной умственной отсталостью в 1 классе сентября 2019года. Диагноз: Синдром Дауна № 2058282 20.01.2018-20.01.2023ж.Жетекшісі: Сейтова Б.У. Психолог: Нурмагамбетова А.С.,Хазиз Мейрам 4«г» сыныбында оқиды. Оқу бағдарламасы: Жалпы білім беретін мектептің жеке оқыту бағдарламсының қысқартылған түрі, жалпы білім беретін мектептің жеке оқу бағдарламасы. Диагноз: Резидуальное органическое поражение центральной нервной системы ЦНС. Генерализованная эпилепсия. №2054668 17.04.2018-17.04.2020г.

Оқу жылын аяқтау кезінде психо-диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша қорытындысын психолог жасаған.Мұғалім әр оқушының тұлғалық нәтижелерін зерделеп отырып,дамуына ықпал ететін папка жинақтаған,сонымен бірге керекті іс – құжаттар жинақталған папкілері бар.

2.2) Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижесі:

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі ҮОЖ-да жасалған.
Инварианттық және вариативтік компоненттерді құрайтын пәндер бойынша білім алушылардың оқу жүктемелерінің жалпы көлемі ҮОЖ-да көрсетілген.
Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі олардың қажеттіліктері ескеріліп, жалпы білім беретін ұйымдардың оқу жұмыс жоспарында белгіленген. Білім берудің бастауыш деңгейіндегі сабақтың ұзақтығы: 1 сыныпта – 35 -45минут, 2-11 сыныптарда – 45 минут. Оқу аптасының ұзақтығы: 1-11 сыныптарда 5 күндік оқу аптасын құрайды.5 күндік оқу аптасында алтыншы оқу күні жобалық-зерттеу іс-әрекеттерін, спорттық-сауықтыру, шығармашылық,әдістемелік,кәсіби жетілу іс-шараларын және т.б. ұйымдастыруға бағытталған. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында олардың типтеріне, түрлеріне және меншік нысандарына қарамастан міндетті оқытуға тиісті орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі үздіксіз білім беру жүйесінің келесі деңгейлерінде білімін жалғастыруға жеткілікті болып табылған. Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі бойынша білім беру деңгейлері мен оқу жылдары бойынша оқу пәндерінің мазмұнын игеру үшін қажетті базистік және типтік оқу жоспарларының инвариантты және вариативті компоненттеріндегі оқу уақытының көлемі сәйкес.Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ұйымдарында бекітілетін санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес.Білім алушылардың мемлекеттік жалпы білім беру стандартында анықталған білім салаларының оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелерге жетудегі білімнің тереңдігі сәйкес.

Қорытынды: Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының

барлық түрлерін қоса алғандағы ең жоғары көлемінің орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес .

2.3) Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Талдау нәтижесі:

Сыныптарды топтарға бөлуде «қалалық жалпы орта білім беретін ұйымдарда сынып толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда,сыныпта мүмкіндігі шектеулі балалар болған жағдайда сыныпты топтарға бөлу әр балаға барлық оқушының санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады» қағидасы басшылыққа алынып, бөлінген. 1-9 сыныптардашеттілі(ағылшынтілі),информатика, технология (сынып толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтары), дене шынықтыру сабақтарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылған. Мүмкіндігі шектеулі балалар бар сыныптарды топтарға бөлу осындай әр балаға барлық оқушының санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған.

2017-2018 оқу жылында 5,7 сынып оқушылары(жаңартылған білім мазмұнымен оқытылатын кластар) ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, информатика, технология , дене шынықтыру пәндері бойынша екі топқа бөлініп оқытылған.

6,8а,8ә,9 сынып оқушылары ағылшын тілі мен орыс тілі, информатика,технология, дене шынықтыру екі топқа бөлініп оқытылды. 8 б(20 оқушы) сыныбы бала саны 24-ке жетпегендіктен бөлінбеген. 2017-2018 оқу жылында 10а,ә,11а,ә сыныптарында ағылшын тілі,орыс тілі,информатика, технология, дене шынықтыру сабақтарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылды.

2018-2019 оқу жылында 5,6,7,8 ,9сынып оқушылары ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, информатика, технология , дене шынықтыру пәндері бойынша екі топқа бөлініп оқытылған.

5а(22оқушы) сыныбы бала саны 24-ке жетпегендіктен және 5 ә класы /23 оқушы/ сыныбы бала саны 24-ке жетпегендіктен ,5 г /22 оқушы/ бөлінбеген.

9а(22 оқушы) ,9 б /19 оқушы/сыныбы бала саны 24-ке жетпегендіктен бөлінбеген.

2018-2019 оқу жылында 10а,11а сыныптарында ағылшын тілі,орыс тілі,информатика, технология, дене шынықтыру сабақтарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылды. 10ә/20 оқушы/және 11ә /21 оқушы/сыныбында бала саны 24-ке жетпегендіктен бөлінбеген.

класс	10а	10ә	11а	11ә
оқушы саны	25	20	24	21

2019-2020 оқу жылында б б,6 г ,7ә,7б, 7в,,8,9 сынып оқушылары ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, информатика, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндері бойынша екі топқа бөлініп оқытылды.

5а,ә,б,в,г (20оқушы) сыныбы бала саны 24-ке жетпегендіктен және 6а/19 оқушы/,6ә,/19 оқушы/ 6вкласы /22 оқушы/ сыныбы бала саны 24-ке жетпегендіктен ,7а /19 оқушы/ бөлінбеген.

2019-2020 оқу жылында 10 сыныпта ағылшын тілі,орыс тілі,информатика, технология, дене шынықтыру сабақтарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылды. 11а/20 оқушы/және 11ә /20 оқушы/сыныбында бала саны 24-ке жетпегендіктен бөлінбеген.

2020-2021 оқу жылында 8 ә,в,9сынып оқушылары ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, информатика, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндері бойынша екі топқа бөлініп оқытылды.

5а/23/5/17/,5б/19/,5 в/23/,6а/16/,6ә821/,6 б/18/,6 в/19/,6 г/20/ сыныбы бала саны 24-ке жетпегендіктен және 8а/19 оқушы/,8 б/23/ 24-ке жетпегендіктен бөлінбеді.

2020-2021 оқу жылында 10а/18/,10 ә/21/, 11/21/ класс ағылшын тілі, орыс тілі, информатика, дене шынықтыру оқу пәндерін өткізуде бала саны 24-ке жетпегендіктен бөлінбеді.

Қорытынды: Сыныптарды оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуде жалпы орта білім беру бойынша қалалық жалпы орта білім беретін ұйымдарда сынып толымдылығы 24-ке жеткенде топқа бөлініп оқыту және мүмкіндігі шектеулі балалар бар сыныптарды топтарға бөлу осындай әр балаға барлық оқушының санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылу талабы сақталып бөлінген.

3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

3.1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер)

Талдау нәтижесі: 1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызылған.

2017-2018 оқу жылында 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (*өзгерісі 2017ж 06.06.№265*) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың,оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі»-нің 2-тарау 3 тармақшасы бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды барлық оқу пәндері бойынша мұғалімдер оқу жылының бірінші тоқсанынан (жарты жылдығынан) бастап жүргізді.. *Жиынтық бағалау бірінші тоқсаннан бастап 5-11 сыныптарда жүргізілген.*

2018 жылғы 25 мамырдағы №5 педагогикалық кеңес қаулысымен 9- сыныптың 83 оқушысы,11 сыныптың 52 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілген.

Қорытынды емтихандар кестесі мектеп директорымен бекітілген. Өткізілген емтихан материалдары, хаттамалары жинақталған .

1-2 пәннен «қанағаттанарлықсыз» баға алған 9-сынып білім алушыларына қайта қорытынды аттестаттаудың жүргізілуі бойынша

2017-2018 оқу жылында «қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушы болмағандықтан білім алушыларды қайта аттестаттау өткізілмеген..

2018-2019 оқу жылында 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 08 ақпандағы № 37 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың,оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі»-нің 9,11-сыныптарда жыл

соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырған. 2019 жылғы 25 мамырдағы №5 педагогикалық кеңес қаулысымен 9- сыныптың 67 оқушысы,11 сыныптың 45 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілген.
2019-2020 оқу жылында "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі №149 бұйрығының 50-1 тармағы негізінде 9,11-сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды тапсырған жоқ, аттестат оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілген.
2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 203 бұйрығы басшылыққа алып ұйымдастырылған.
Мектеп директорының 2021ж 14 мамырдағы № 50 бұйрығымен бекітілген кесте бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9-сыныптарының білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2021 жылғы 28 мамыр -5 маусым аралығында , 11-сыныптардың білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - 2021 жылғы 01 маусым -10 маусым аралығында өткізілген. Мектептегі 9,11- сынып бітірушілерін қорытынды аттестаттауда «Орта техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №5191 болып тіркелген) басшылыққа алынған. 2021 жылғы 25 мамырдағы №5 педагогикалық кеңес қаулысымен 9- сыныптың 78 оқушысы,11 сыныптың 20 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілген.
Қорытынды: 2017-2018,2018-2018-2019,2020-2021 оқу жылдары бойынша
Жалпы мемлекеттік емтихан өту барысында бұзушылық болмаған.Апелляцияға ешқандай өтініш түспеген.

Қорытынды: ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (*өзгерісі 2017ж 06.06.№265*) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың,оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сай жүргізілген.

3.2) 2,3,4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау.

Талдау нәтижесі: Бастауыш сынып оқушыларының үй тапсырмасын (бір оқу күніне) орындауға жұмсалатын уақыт шығынын ескере отырып, тапсырманың көлемі бойынша

нормативтер мектепішілік бақылау жоспары бойынша уақытылы бақыланған. ҚР Білім және ғылым министрінің бекітуімен үй тапсырмасын орындауда, 1- сынып білім алушыларына тек екінші жартыжылдықтан бастап көлемі 20 минуттан аспайтын уақытта оқылатын тапсырмалар,2-сыныпта 50 минуттан, 3-4-сыныптарда 70 минуттан аспауы тиістігін негізге ала отырып тексерілген.
Сабақ соңында қоңырауға дейін үй тапсырмасы туралы оқушыларға хабардар етіледі, үй тапсырмасын орындау бойынша нұсқау беріліп ,қалай орындау керектігін айтылған. Үй тапсырмасын мерекелік және демалыс күндері ,бақылау жұмыстарын өткізгеннен кейін берілмейтіндігі ескерілген.Ол үшін білім алушылардың дәптерлерін алып қарап үй жұмысы көлемі,берілген үй жұмысының оқушыға қаншалықты қиындық тудыратыны анықталған.Қосымша сабақтарға үй тапсырмасы бермейтіндері ескерілген.

Қорытынды:

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығына сәйкес жүргізілген.

3.3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Талдау нәтижесі:

1-4 сыныптарда

2017-2021ж.ж.қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын мұғалім өз бетінше құрастырған және жинақтап ұсынылған тапсырмаларды да қолданған. Қалыптастырушы бағалау сабақта бағалаудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырып жүргізілген. Бұндағы мақсат сабақ уақытында оқушыларға көмек беру, қолдау көрсету болып табылған.Қалыптастырушы бағалау мұғалімнің сапалы білім беруі үшін кәсіби шеберлігі мен шығармашылығы қолдану мүмкіндігі және оқыту мен бағалаудың кіріктірілген үдерісі болып табылған. Бөлім ортақ тақырып бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары оқу бағдарламасында өтілген материалдар қамтылған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған. Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейі тексерілген. Оқушылардың ұпайлары күнделік kz-ке уақытылы қойылған.

Оқу жылы ішінде мектеп оқушыларының оқушыларының қалыптасу деңгейін бақылау үшін мынадай бақылау бөлімдері өткізілген: - өткен оқу жылының қайталану нәтижелері бойынша 1-4 сыныптарда нөлдік сынақтар мен диктанттар өткізілген; 1-4 сыныптарды оқу жылдамдықтары тексерілген; - 1-4 сыныптарда жартыжылдық, жылдық қорытынды өткізілген; - бақылаудың жиынтық бақылауы 1-4 сыныптарда өткізілген. Тексеру нәтижелері бойынша бастауыш мектептегі пәндер бойынша білімнің сапасы мен жетістіктері бақыланған.

Жиынтық бағалаудың немесе оқытуды бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест,бақылау т.б. түрде өткізіп, бағаланған.

Нәтижелерді бағалау критерийлері білім алушылардың дайындық деңгейінің мұғалім ұсынған талаптарға сәйкес белгіленген, оқыту процесіне түзету енгізген, жұмыстың күрделілігі деңгейін дұрыс таңдауға оқушыларға мүмкіндік берілген. Мұғалім нәтижесінде оқушылар материалды оқу барысында қаншалықты орындағаны жөнінде біліп отырады және де қаншалықты ілгерілеуін қадағалап, оқыту үдерісіне өзгерістер енгізіп отырған.Мұғалімдер білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мақсатында бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын уақытылы өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған жұмыстары сәйкес.

5-11 сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.Бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсан бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылып отырылды.. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикамен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылды.Пән мұғалімдерінің модерация хаттамалары жинақ папкаларында бар. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7-сыныптарда,2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар,2019-2020 оқу жылында 1-4,5-10 –сыныптар,2020-2021 оқу жылынан бастап 1-11 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды. Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес.Пән мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді және талдама жұмыстары тапсырылып отырылған.Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik. kz» электронды журналы арқылы зерделененіп отырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады»,13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі тереңдетіру үшін жүргізіледі.» деп көрсетілген.

2017-2018 оқу жылында 5,7-сыныптар жаңартылған бағдарлама бойынша оқытылған. БЖБ, ТЖБ жүргізілді, баллдары мен бағалары журналға қойылған.

2018-2019 оқу жылында 5,6,7,8-сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды. Білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары 5-сынып ,6-сынып ,7-сынып,8-сынып бойынша талапқа сай.

2019-2020 оқу жылы 1-10 сыныптар жаңартылған бағдарламамен оқыды.Барлық сыныпта БЖБ, ТЖБ уақытында қойылды. Короновирустық инфекциясының таралуына байланысты 4 тоқсаннан бастап қашықтықтан оқытуға көшірілді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «8» сәуірдегі № 135 бұйрығына 2-қосымшасы «Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» -дың 2-бөлімі 20-тармағы басшылыққа алынып, тек сабақ тақырыптары мен ұсынылған оқу тапсырмалары толтырылған. 2020-2021 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілген.

Қорытынды: Білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған. Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес.

3.4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау

Талдау:

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптары сақталып,*2017-2021 оқу жылдарында* ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық педагогикалық қолдау көрсету әдістемелік нұсқаулыққа сүйене отырып ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) – бұл көптеген дамыған елдерде кеңінен таралған түсінік, өйткені инклюзивті білім берудің принципіне сәйкес әр оқушының жемісті білім алуы үшін барлық жағдайларды жасауға мектеп баса наударған. Қазақстанда ЕБҚ бар балаларға "денсаулықтарына байланысты арнайы жалпы білім берудің оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын қажет ететін білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарды бар тұлғалар" жататындығы ЭЫҰД елдерінде «ерекше білімді қажет ету» термині психикалық және дене дамуындағы ерекшелік, мінез-құлық пен қабылдауындағы ауытқушылық, үйде және емханада ұзақ мерзімде ем алатын, эмоционалдық проблемалары бар, толық отбасы емес, жетім, зорлық-зомбылық көрген, әскери конфликт аумағында болған балаларға қолданылады. Бұл термин сонымен қатар дарынды балаларға қарасты, яғни бала бойындағы дарындылығын дамыту мен жеке қасиеттерін ашу үшін психологиялық жұмыс жасалған. Инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде ерекше білім беру қажеттілігінің келесі анықтамасы қолданылады - бұл оқушылардың сапа лы білім алуы барысындағы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да көмекке мұқтаждығы Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың төмендегідей топтары көрсетілген

1-топ. Психикалық және дене дамуында түрлі бұзылымдары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылымдары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген

және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар. 2-топ. Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар. 3-топ. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындайтын ерекше білім беруге қажеттілігі туындайтын балалар. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған ңашар отбасынан шыққан немесе бала тәрибесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасы балалары (ішімдікке, нашақорлыққа жақын ата-аналар), сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар кіргізіледі.№3Хромтау орта мектебінде 2 және 3-топқа жататын балалар жоқ.1-топ бойынша Психикалық және дене дамуында түрлі бұзылымдары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылымдары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар бар1-4 кластар бойынша Балтабай Заңғар Байниязұлы: «F-70» 2018-2019 оқу жылы ПМПК қорытындысы бойынша» Бисенбаева Гүлназ Таймуканбетқызы: ОНР III уровня. Двухсторонний диспластический коксартроз. Упорочение левой нижней конечности. Миопия слабой степени, Адамжаров Нұрсәт: F-83. ОНР III уровня.2019-2020 жылы: Абдулмажит Нұрмұхаммед :F-83 Состояние после перенесенного онлен. Правосторонний гемипарз.Гипрметропия ст.сл. Елемесова Көркем Елнұрқызы :ДЦП. Спастическая гемиплегия.2020-2021 оқу жылы Самат Гүлім: ОНР II-III уровня.Марал Дулат :ОНР III уровня.Стертая форма диартрии 2021-2022 оқу жылы Кали Сабыржан, Асқар Арнур: Задержка психического речевого развитие. Сабыр Ерасыл.

Ерекше білім беру қажеттілігі балалармен әлеуметтік педагогпен бірлесіп үнемі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілген.. Үнемі түзету-дамыту жаттығулары, ағартушылық жұмыстары жүргізіліп отырған.Сонымен қатар Республикалық, аудандық сайсыстарға мысалы сурет және қолөнерсайысына қатыстырылып отырған.Балалар қатарынан «Күншуақ» сауықтыру лагеріне барған.Соңғы төрт жылдықта 2-3 ші топқа жататын балалар жоқ.

Инклюзиті білім алушылармен оқу ісі меңгерушісі, педагог-психолог, әулеметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен бірігіп жасалған жұмыс мазмұны ерекше білімді қажет ететін оқушы дамуының бұзылуын түзету, әлеуметтік бейімдеуге , психологиялық көмек көрсетуга бағытталған. Инклюзивті және үйден оқитын оқушылардың тізімі мен құжаттары жинақталған. Жылдық жұмыс жоспарлар құрылып, бекітілген. Инклюзивті және үйден оқитын білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік–психологиялық жағдай жасалып, білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетілген.

ПМПК-мамандарымен, дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог мамандармен бірлесе отырып жұмыстану арқылы түзеу жұмыстары тиімді ұйымдастырылған. Жеке, сабақтар нысанында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілген. Ата-аналармен, мұғалімдермен, әлеуметтік жұмыскерлермен байланыс жасалып, Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қоғамда өз орнын таба алуына педагогикалық,психологиялық көмек беру мақсатында жоспарға сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілген. «Мен бақытты боламын",«Менің қолымнан бәрі де келеді», «Менің құпия досым» тренингтері , « Дәл осындай пішінді тап», «Үйдің есігін жабайық» ,«Дәл осындай пішінді тап» ,«Үй құрылысының ретін көрсет», «Бет орамалға лайық жамауларды табу» ,«Әдемі кілемшелер» , «Таныс пішіндер доминосы» «Кім зейінді?» қолдау ойындары өткізілген.

Инклюзивті оқушылардың психологиялық жағдайды анықтау үшін Люшер тесті алынған. Ерекше білімді қажет ететін оқшлардың ата -аналарына ерекше балдардың өмірге деген бейімділігін, әулеметтік ортада дұрыс қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіруде, түрлі мәселелерді туралы психологиялық білім беру мақсатында офлайн, онлайн форматта «Инклюзивті білім алу» , «Отбасылық құндылық- тәрбиенің негізі» т.б тренинг-семинарлар өткізілген. Оқушылар «Шексіз шығармашылық»атты республикалық сайысқа қатысты. Сайыс нәтижесінде Алдамжаров Н 4 «Ә», Елемесова Көркем 3 «А»1-орын .Самат Гүлім 1 «А» 2-орын иеленген. Маңызды бағыт «Психомотериканы дамыту » жұмыстары жүргізілген. Оқушылар әртүрлі бұйымдармен, моншақтармен, тастармен жұмыс жасап, «Күз бояуларындағы менің есімім» тақырыбында шаралар тізбесі өткізілген. Ерекше білімді қажет ететін оқуышыларға аптасына 2 рет психологиялық қолдау жүргізіліп тұрады. Желтоқсан айында әр жылда ерекше білімді қажет ететін оқушыларға аудандық білім бөлімінен,мектептен жаңа жылдық сыйлықтар беріліп тұрған. ЕБҚБ оқушылар арасында Республикалық шексіз шығармашылық байқауының «Туған жерім-Қазақстан» тақырыбында сурет сайысына 5 оқушы қатысқан.

Ұсыныс: Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен ғана жұмыс жасайтын,оларға педагогикалық, психологиялық, медициналық қолдау көрсетіп, білім алуы мен әулеметтенуіне жетекшілік жасайтын педагог ассистент лауазымы қажет.

Қорытынды:МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу, талаптарын орындау ерекше балдардың өмірге деген бейімділігін, әулеметтік ортада дұрыс қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру, қоғам құндылығын сезіндіруде психологиялық, педагогикалық, әулеметтік қызметтері жұмысы талапқа сай жүргізілген.

4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

4.1)Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

Талдау нәтижесі:

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл. Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды.Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде берілген. Үлгілік және оқу жұмыс жоспарларында пәнді меңгеруге бөлінетін оқу уақыты тиісті міндетті және вариативтік оқу бағдарламаларының бастауыш сыныптарда құрылымы мен мазмұны ескерілген. Сыныптар екі топқа бөлінген,себебі білім алушылардың саны 24-тен артық болды,келесі сабақтар бөлінген: орыс тілі, шетел тілі, цифрлық сауаттылық, өзін-өзі тану пәндер бойынша. 2017-2022 оқу жылында негізгі орта білім берудің мазмұны оқу нәтижелері бағдарланып және стандарт талаптары әзірленіп оқу пәндері оқу бағдарламаларымен құрылған.Күнтізбелік-тақырыптық жоспар талапқа сай жүргізілген.

2017-2022ж.ж. 1-ші сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жылдық жоспарында сағат саны сәйкес :әліппе -96 сағат,ана тілі-102сағ.,математика-132сағ., жаратылыстану-33сағ., дүниетану-33сағ.,өзін-өзі тану-33сағ.,көркем еңбек-33сағ.,дене шынықтыру-99сағ., ағылшын тілі-66сағ., орыс тілі-66сағ.,музыка -33сағаттарға құрылған.

2-ші сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жылдық жоспарында сағат саны сәйкес :

Қазақ тілі -136сағ.,әдебиеттік оқу-102сағ.,математика-136сағ., жаратылыстану-34сағ., дүниетану-34сағ.,өзін-өзі тану-34сағ.,көркем еңбек-34сағ.,дене шынықтыру-102сағ., ағылшын тілі-68сағ., орыс тілі-68сағ.,музыка -34сағаттарға құрылған.
3-ші сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жылдық жоспарында сағат саны сәйкес :
Қазақ тілі -136сағ.,әдебиеттік оқу-102сағ.,математика-170сағ., жаратылыстану-34сағ., дүниетану-34сағ.,өзін-өзі тану-34сағ.,көркем еңбек-34сағ.,дене шынықтыру-102сағ., ағылшын тілі-68сағ., орыс тілі-68сағ.,музыка -34сағаттарға құрылған.
4-ші сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жылдық жоспарында сағат саны сәйкес :
Қазақ тілі -136сағ.,әдебиеттік оқу-102сағ.,математика-170сағ., жаратылыстану-34сағ., дүниетану-34сағ.,өзін-өзі тану-34сағ.,көркем еңбек-34сағ.,дене шынықтыру-102сағ., ағылшын тілі-68сағ., орыс тілі-68сағ.,музыка -34сағаттарға құрылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар талапқа сай жүргізілген,сағат саны сәйкес қойылған.

Қорытынды:

Берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарына сәйкес.

4.2)Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

Талдау нәтижелері:

2017-2021 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген класс журналдары (2017-2018оқу жылы) мен электронды «kundelik.kz» күнделік журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Жалпы оқу жылының басталуы – 1 қыркүйек. Оқу жылының аяқталуы - 2021 жылдың 25 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған.Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отыр.

2017-2018 оқу жылы:

Оқу жылы барысында каникул күндері төмендегідей белгіленген:

1)1-11 -сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2017 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2017 жылғы 29 желтоқсан – 2018 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2018 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда);

2) мектепалды даярлық сыныптарында: күзгі каникул – 7 күн (2017 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 14 күн (2017 жылғы 25 желтоқсан – 2018 жылғы 5 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 15 күн (2018 жылғы 21 наурыз - 4 сәуірді қоса алғанда);

3) мектепалды даярлық сыныптары мен 1-сыныптардағы қосымша каникулдар: 7 күн (2018 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда).

Қорытынды: Класс журналдарындағы толтырылған күндер толық сәйкес келеді.

2018-2019 оқу жылы:

2018-2019 оқу жылының каникул уақытының ұзақтығын электронды форматтағы күнделік журналдарын тексеру арқылы зерделенді.

2018-2019 оқу жылы барысындағы каникул күндері белгіленген:

1) 1-11-сыныптарда: күзгі каникул –7 күн (2018 жылғы 29 қазан - 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2018 жылғы 31 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2019 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда);
2) мектепалды сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2018 жылғы 29 қазан - 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 14 күн (2018 жылғы 27 желтоқсан – 2019 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 15 күн (2019 жылғы 21 наурыз - 4 сәуірді қоса алғанда);
3) мектепалды және 1-сыныптарда: қосымша каникулдар: 7 күн (2019 жылғы 4 - 10 ақпанды қоса алғанда).

Қорытынды: Электронды « kundelik.kz» журналдарындағы толтырылған күндер толық сәйкес келеді.

Сабақтардың өткізу мерзімі мереке күндерімен сәйкес келген жағдайда, тақырыбын/оқу мақсаттарын оқу пәні бойынша жақын/ұқсас тақырыптармен/оқу мақсаттарымен біріктіріп/тұтастырып, мерекелік күндерге дейін немесе мерекеден кейін аздаған сағат санымен оқыту болған. Бұл ретте жеңіл мақсаттарды қарастырып, жазба жұмыстарын жоспарламаған. Қайталауға берілген сағаттар есебінен, оқу бағдарламаларының кіріктіруін ескере отырып, сабақтарды келесі күнге ауыстырып отырған.

2019-2020 оқу жылы:

2019-2020 оқу жылының ұзақтығы: мектепалды сыныптарда – 32 апта, 1- сыныптарда – 33 апта, 2-11-сыныптарда – 34 апта. «Орта білім беру ұйымдарында 2019 - 2020 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 337 бұйрығымен 1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул –7 күн (2019 жылғы 28 қазан - 3 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2019 жылғы 30 желтоқсан – 2020 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2020 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша каникулдар: 7 күн (2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда).

2020-2021 оқу жылы:

2020 -2021 оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды.Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.2020-2021 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында);1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында).

Қорытынды: Электронды журналдарындағы толтырылған күндер толық сәйкес келеді. Мектепте кластар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталаған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «№3 Хромтау орта мектебі» КММ -де әр білім алушының Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту, оқушылардың денсаулығын

нығайту мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға, білім беру сапасының өсуіне толық білімдік орта құрылған.

Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№3 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінінде білім мен тәрбие беру үдерісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы(МЖМБС) талаптарына сәйкес.

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

Ақтөбе облысының білім басқармасы
«Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№3 Хромтау орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Бағалау бағыттыры мен критериялары	Баға	Бағалау өлшемдері	Өзі-өзін бағалау
1	**Оқыту нәтижесіне бағдарланған білім мазмұнына қойылатын талаптар**			
1.1	***Бастауыш білім беру деңгейіндегі*** педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі	**uzdik**	жалпы білім беретін мектептер үшін 45 %-дан астам,	Педагогтар саны -18 *педагог-зерттуші-4* *педагог-сарапшы-* 7 Педагогтардың біліктілік санатының үлесі 61 **%** ***«uzdik »*** баға
		zhaqsy	35 – 44 % жалпы білім беретін мектептер үшін,	
		ortasha	25 – 34 % жалпы білім беретін мектептер үшін,	
1.2	***Негізгі орта, жалпы орта білім беру*** педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі	uzdik	жалпы білім беретін мектептер үшін 55 %-дан астам	
		zhaqsy	45 – 54 % жалпы білім беретін мектептер үшін	Педагогтар саны - 57 *жоғары:2* *педагог-зерттуші-15* *педагог-сарапшы- 11* Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мұғалімдердің біліктілік санатының үлесі - 49 **%** ***«zhaqsy»*** баға
		ortasha	35 – 44 % жалпы білім беретін мектептер үшін,	
1.3	Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері	uzdik	Халықаралық немесе республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: - жалпы білім беретін мектептер үшін 2 % - 3 % жалпы білім алушылар	Халықаралық ,республикалық Жалпы контингент-850 Жеңімпаздар үлесі-486 57 % **“uzdik»**

			контингентінен;	
		zhaqsy	Өңірлік немесе облыстық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: - жалпы білім алушылар санынан жалпы білім беретін мектептер үшін 10 %-дан кем емес;	Облыстық Жалпы контингент-850 Жеңімпаздар үлесі-90 **10,5%** **«zhaqsy»** баға
		ortasha	Қалалық немесе аудандық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі:; - жалпы білім алушылар санынан жалпы білім беретін мектептер үшін 12 %-дан кем емес;	Аудандық Жалпы контингент-850 Жеңімпаздар үлесі-178 **21 %** **«ortasha»** баға
1.4	Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері	uzdik	Халықаралық немесе республикалық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі: - жалпы білім алушылар санынан жалпы білім беретін мектептер үшін 3 % -дан кем емес;	Халықаралық, республикалық **4,3 %** Жалпы контингент-850 Жеңімпаздар үлесі-37 **«uzdik»** баға
		zhaqsy	Өңірлік немесе облыстық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі: - жалпы білім алушылар санынан жалпы білім беретін мектептер үшін 7 %-дан кем емес;	Жалпы контингент-850 Жеңімпаздар үлесі-63 **7,4%** **«zhaqsy»** баға

		ortasha	Қалалық немесе аудандық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі: - жалпы білім алушылар санынан жалпы білім беретін мектептер үшін 13 %-дан кем емес;	Жалпы контингент-850 Жеңімпаздар үлесі-69 **8,11%** **«ortasha»** баға
1.5	Интернет желісіне қосылу	uzdik	Жылдамдығы 30 Мб/с асатын Интернет	
		zhaqsy	Жылдамдығы 10 Мб/с асатын Интернет	**20 Мб/с** **«zhaqsy» баға**
		ortasha	Жылдамдығы 4 Мб/с асатын Интернет	

Бағалау өлшемшартына сай білім беру мекемесінің қорытынды бағасы:
-«zhaqsy» -4
2022 жыл «26» ақпандағы өзін -өзі бағалау комиссиясы отырысы шешімі

Комиссия төрағасы **Отаров Ш.Т** _____

Комиссия мүшелері

Казиева Н.С _____

Дуйсембаева Н.У _____

Ермаханова М.Е _____

Кулумгарина Р.Ж _____

Нурмагамбетова А.С _____

Мусина Г.А _____

Кукенова Н.Е _____

Жумабаев С.М _____